СҰХБАТ

«Мақсат – жаппай кәсіпкерлікті дамыту» 2

ТАРИХ

Жанқожа батырдың тарихы 4-5

МЕРЕЙ

«Қармыста» туған қаламгер 6

ТӘРБИЕ

Балаңызға кітап оқытыңыз 8

Сыр бойы

90 жыл

№110-111 (19788-19789)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

27 шілде /СЕНБІ / 2019 жыл

Қазалы ауданы:
Сан салада серпін бар

Сәрсенбі күні Арал ауданында болған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың жұмыс сапары бейсенбіде Қазалы ауданында жалғасты. Өндірістік және әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысқан аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, Қазалының бүгінгі ахуалын бағамдап, ауылдарды арнайы аралады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Қазір Қазалыда құрылыс жұмыстарының қарқыны қатты. Нысандар ел игілігіне берілсе, тұрғындарға да, мемлекеттік қызметке де тиімді.

Алдымен облыс әкімі Басықара елді мекеніндегі Ә.Тыныбаев атындағы су торабының жұмысымен танысты. Су торабы 60 гектар егістік алқабын және 450 гектар шабындықты суармалы сумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, мұнда аудан әкімі Мұрат Ергешбаев Сырдарияда сең жүру кезіндегі аудан аумағындағы қауіпті аймақтар мен ауыл шаруашылығы саласының даму деңгейін таныстырды. Бүгінде Сырдарияда мұз жиналса, аудан бойынша елді мекендерге қауіп төндіретін 11 иін бар.

Қазалылықтардың негізгі тіршілігі – егін және мал шаруашылығы. Биыл мұнда 17508 гектар жерге ауылшаруашылық дақылдары егілген. Қазір ауданда егіншілікпен 6 шаруашылық тұрақты түрде айналысады. Айта кету керек, осы жылы күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 575 гектарға кем. Есесіне, суды аз қажет ететін әртараптандыру бағытындағы басқа дақылдардың көлемі артқан. Ал, мал басында тұрақты өсім бар. Сонымен қатар, «РЗА» АҚ-ның 660 басқа арналған сүт бағытындағы типтік жобадағы кешені және «Сыр маржаны» ЖШС-ның 3 мың басқа арналған мүйізді ірі қара малын бордақылау алаңы жұмыс істейді.

Басықарадан кейін сапар Жалаңтөс батыр ауылында жалғасты. Облыстың жаңа әкімін ерекше пейілмен қарсы алған тұрғындар ауыл тарихынан, оң өзгерістерден хабардар етті. Ауыл кәсіпкерлері мұнда арнайы көрме дайындапты. Айталық, Оңдашбай Өтеміс – он саусақсыз-ақ «темірге тіл, жаңқаға жан бітіретін» қолөнер шебері. Дайындаған тымақ, мәсі, жабу, ат әбзелдері де көздің жауын алады. Облыс әкімі ұлт құндылығын қайта жаңғыртатын мұндай шеберлерге лайықты қолдау көрсетілу керегін айтты. Ең бастысы, жаңа бизнестің экономикалық, әлеуметтік тұсын таразылап, саралап алу керегін де ескертті.

Мұнан кейінгі бағыт – «РЗА» АҚ сүт-тауар кешені. Қуанышбек Досмайылұлы тәулігіне 30 тонна «Дәмді» сауда белгісімен сүт өндіретін ферманың жұмысымен танысты. «Дәмдінің» дәмі тіл үйіретіні рас. Мұнда ең бастысы – химиялық қоспаларды пайдаланбай-ақ, экологиялық стандарттарға сай органикалық таза тамақ өнімінің дайындалуы.

– Қазір цехта сұранысқа байланысты пастерленген және ультрапастерленген сүт, айран, қаймақ, сүзбе, сары май және ірімшік шығарылады. 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал өнімді біздің аймақтан бөлек, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан өңірлеріне жөнелтеміз, – деді технолог Мұратбек Бекболатов.

Аймақ басшысы тұрғындармен кездесу үшін Ғ.Мұратбаев ауылына жол тартып, ақсақалдармен жүздессе, мұнан кейін былтыр бой көтерген Әйтеке бидің еңселі ескерткішіне барды. Биіктігі 12 метр монументтің авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Қазбек Сатыбалдин. Ескерткіш халық көз тоқтатып қарайтындай аумақтан орын алған. Маңайында құрылысы енді ғана басталған Мекемелер үйі, аудандық сот ғимараты, жаңа аурухана бірден көзге түсті. Бұл жерде облыс әкімі Қазалы қаласы мен аудан орталығын байланыстыратын жаңа қаланың құрылысымен танысты.

Ал Қазалы аудандық орталық ауруханасында облыс әкімі аудандағы денсаулық сақтау саласының дамуы мен соңғы жаңалықтарынан хабардар болды. Бір ерекшелігі, Қазалыдағы бұл ауруханада тек облыс орталықтарында ғана болатын, құны аса қымбат ангиограф аппараты бар. Сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов бұл аудан дәрігерлермен толықтай қамтамасыз етілгенін ерекше атап өтті.

– Қазалы ауданының 57 мың тұрғынына қазір Қазалы ауданаралық ауруханасы және Қазалы теміржол ауруханасы қызмет көрсетеді. Ауданаралық ауруханың құрылымында бірнеше нысан бар. Орталық емхана, 17 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік пункт, 15 медициналық бекет. Биыл 6 жас маман ауданға келіп, жұмыс істеуге келісімін берді. Оның 3-і ауылдарға жұмысқа жіберіледі, – деді ол.

Мұнан кейін Қуанышбек Досмайылұлы балалардың демалыс орталығына арнайы бұрылды. Елдің ертеңі жарқын, ұрпақ ұлағатты болсын десек, бар мейірім балаларға болуы керек. Облыс әкімі «Шағала» балалар сауықтыру орталығында алаңсыз асыр салған бүлдіршіндерге доп тарту етіп, бассейндегі балақайлардың «Су добы» ойынын тамашалады.

2-бет.

Қармақшы ауданы:
Ел еңбегі еселі

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың аудандарға жұмыс сапары Қармақшы өңірінде жалғасты.

Аймақ басшысының сапары өңір мұражайындағы мазмұнды экспонаттармен танысудан басталды. Мұнда 4 мыңнан астам жәдігер сақталған. Үлкен залда «Кіріспе», «Археология», «Этнография», «Табиғат», «Соғыс», «Өнер және мәдениет», «Спорт», кіші залда «Тәуелсіздік», «Рәміздер», «Қорқыт Ата», «Байқоңыр» атты бұрыштар орналасқан. Көне заманнан күні бүгінге дейінгі аудан тынысын сыйдырған мұражайда облыс басшысын ардагерлер, зиялы қауым өкілдері күтіп алды.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Бұл аудан – қасиет тұнған өнер өлкесі. Қорқыт баба жатқан жер, Марал баба мәңгілік мекенін тапқан жер. Сол бабалардың аруағы әрдайым сізді қолдап жүрсін. Ауданда ардагерлерге жақсы жағдай жасалған. Арнайы ғимарат бар, сонда бас қосамыз. Келешек ұрпақтың тәрбиесіне өз үлесімізді қосып, шаралар өткізудеміз, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Есдәулетов.

Облыс әкімі сапар барысында №1 индустриялық аймақта орналасқан «Мир-2001» ЖШС бетон бұйымдарын шығару цехының жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Сейфолла Ажмолдаев 2017 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Байқоңыр филиалынан 15 млн теңге несие алып, оған 30 млн теңге өз қаражатын салып, іске қосқан. Бүгінде аудан жұртшылығын құрылыс құмымен, бетон бұйымдарымен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпкердің бұл бір ғана жобасы емес. Аудан бойынша биыл бағдарлама шеңберінде 155,7 млн теңгені құрайтын 10 жобаны қаржыландыру жоспарланса, соның ішінде екеуі арнайы техника сатып алу және жанаржағармай бойынша айналым қаражатын толықтыру жобалары осы мекеменің еншісінде.

– Өңірде кәсіпкерлікке баса мән беріліп отырғаны – ол бірнеше мәселені қатарынан шеше алады. Соның бірі – салық базасының нығаюы. Бұл ретте біз алғашқы жартыжылдықта 662 млн теңгені салықтан түсіріп отырмыз. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ірі жобаларды жүзеге асыру бағдарламалары аясында ауданда 455 млн теңгенің 95 жобасы іске асуда. Сол арқылы 134 жаңа жұмыс орны ашылды. Әлі алда айқын жоспар да бар, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жамбыл Жұмабаев.

Мұнан соң аудан орталығындағы Ү.Томанов атындағы №183 орта мектеп назарға алынды. 300 орындық білім ошағы өткен жылы пайдалануға берілген. Мұнда бақшалар ашуға баса мән беріп отырмыз. Байқоңыр қаласында да бұл бағыттағы жұмыстар жүргізілуде. Аудандағы бөбекжай балабақшаларында 2-3 жас аралығында 1264 бала бар. 3-6 жас аралығындағы балалар балабақшамен толық қамтылған. Барлық балабақшалар «электронды балабақша» жүйесіне қосылған, – деді аудан әкімінің орынбасары Е.Меңлібаев.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

Аудандағы кәсіпкерліктің дамуы, жұмыссыздықпен күрес, білім беру тәрізді мәселелердің жай-жапсары талқыланды. Мектепке дейінгі білім беру тұрғысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынған және жекеменшік балабақшалардың санын арттыру мәселесі айтылды. Аудан бойынша 34 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істейді. Оның 32-сі балабақша болса, 2-і шағын орталық.

– Біз қазір жеке балабақшалар ашуға баса мән беріп отырмыз. Байқоңыр қаласында да бұл бағыттағы жұмыстар жүргізілуде. Аудандағы бөбекжай балабақшаларында 2-3 жас аралығында 1264 бала бар. 3-6 жас аралығындағы балалар балабақшамен толық қамтылған. Барлық балабақшалар «электронды балабақша» жүйесіне қосылған, – деді аудан әкімінің орынбасары Е.Меңлібаев.

Осы күні Дауылкөл ауылдық округі Тұрмағамбет ауылында жеке балабақша пайдалануға берілді. Аймақ басшысы салтанатты шараға қатысып, тұрғындарды жаңа нысанның ел игілігіне берілуімен құттықтады. Сондай-ақ, Батыр ана, Социалистік Еңбек ері Сәлима Жұмабекова облыс әкіміне ақ батасын берді.

– Бүгін, міне, салтанатты түрде өздеріңізбен бірге заманауи балабақшаны іске қосқалы тұрмыз. Осымен, ауылдық округтегі балабақша мәселесі толық шешілді деп санаймыз. Сондай-ақ, соңғы жылдары Дауылкөл ауылдық округінде бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанын айту керек. Тамыз айында ауылда тәулігіне 1 тонна сүт өңдейтін цех құрылысы аяқталып, іске қосылады. «Орталық алан» құрылысы қарқынды жүруде. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру бағытында «Тұрмағамбет» ЖШС өңірімізде суды аз қажет ететін соя егуді қолға алды. Бұның барлығы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және аймақ экономикасын дамытуға мүмкіндік береді, – деді облыс басшысы.

Елді мекендегі «Тұрмағамбет» ЖШС төрағасы Нұржан Пірмантаев балабақша шаруашылық есебінен салынғанын, ол үшін ешбір несие алынбағанын жеткізді.

– Бізге тек егін егіп, қарап отыруға болмайды. Өйткені, «Шіркейлі» каналының аяғында отырмыз. Оның суын тұтынатын ең соңғы ауыл – біз. Су тапшылығы бола қалса, ең әуелі біз сезінеміз. Күріш, бидай, жоңышқа егеміз. Әртараптандыруды да ұмытпаймыз. Елдегі қажеттілікті өтеу жолында міне, балабақша салдық. Қолыңнан келетін істен бөлек, халықтың да мұқтаждығымен санасқан жөн, – деді шаруашылық төрағасы.

Балабақша 80 бүлдіршінге арналған. Бұйыртса, төрт топтың балақайлары осы аулада ойынның қызығына тоймай, тай-құлындай шапқылап жүрмек. Балабақша меңгерушісінің міндетін атқарушы Айгүл Задаева тәрбиешілердің де талапқа сай, жоғары білікті маман екенін айтты.

2-бет.

Жатақхана жайы шешімін табады

Арман қуып, ауылдан қалаға келген студент-жастар үшін жатақхана мәселесі әр кезде маңызды. Елбасы Н.Назарбаев бес әлеуметтік бастамасында 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75000 орынды қамтамасыз ететін жатақхана салуды тапсырған болатын. Бұл міндетті жүзеге асыру жұмыстары жер-жерде жүргізілуде.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» АҚ менеджері Алпамыс Сатыбалдин сырбойылық кәсіпкерлер мен оқу орындары басшыларымен кездесуінде жатақхана құрылысын жүргізетін кәсіпкерлер үшін жасалатын жеңілдік жайын түсіндірді.

Елімізде 90 мыңнан аса студент жатақханаға мұқтаж. Оның 63 мыңдайы жоғары оқу орнында, 24 мыңнан астамы колледж студенттері. Ал, облысымызда 22 мыңға жуық студент болса, 1300-ден аса студентке жатақхана қажет. Елбасы тапсырмасымен өңірде кәсіпкерлер арқылы жатақхана мәселесін шешу жұмысы жүйелі жүргізілуде. Атап айтқанда, өткен жылы облыс орталығынан 330 және 400 орынға арналған жатақхана құрылысы басталса, аудандарда жер телімін бөлу жұмыстары басталып кеткен. Мұнан бөлек, қаланың сол жағалауында «Болашақ» университеті кампусында 800 орынға арналған жатақхана құрылысы жүргізілуде. Демек, Сыр өңірінде жатақхана мәселесі толығымен шешімін табатын күн алыс емес деуге негіз бар.

– Елбасының бес әлеуметтік бастамасының үшіншісінде айтылғандай, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін «Қаржы орталығы» білім және ғылым министрлігімен бірлесе мемлекеттік тапсырыс арқылы жүзеге асыру механизмін іске қосты. Осыған сәйкес, кез келген жеке кәсіпкер студенттерге жатақхана салатын болса, оған жыл сайын әрбір орын үшін 122 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржы төленетін болады. Ал, дайын ғимаратты жатақханаға лайықтап реконструкция жасаса, 47 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржы төленеді. Төлем мерзімі – 8 жыл. Мұнан бөлек, кәсіпкер студенттердің жатақхана үшін төлемақысын алады және ақылы қызмет ұйымдастыруға болады,– деді Алпамыс Сатыбалдин.

«Қаржы орталығы» бүгінге дейін еліміз бойынша жатақхана құрылысын жүргізуге ынта білдірген жеке кәсіпкерлермен құны 20 миллиард теңгеден асатын 30 келісім-шартқа қол қойған. Биылдың өзінде 5000 орынды қамтамасыз ететін жатақхана құрылысы пайдалануға беріледі деп көзделуде.

Мұндай қарқынмен 2022 жылға қарай студенттер үшін жатақхана жөнінен мәселе болмайды деген сенім бар.

№110-111 (19788-19789) 27 шілде, сенбі 2019 жыл

Қазалы ауданы:
Сан салада серпін бар

Жазғы маусымда 700-1000 оқушыны қабылдайтын «Шағала» орталығы 7 ауысымда жұмыс істейді. Оның аумағында балалар демалатын 2 корпус, асхана, медпункт, бассейн және футбол алаңы бар. Мұнда 12 педагог 10 күн бойы әр күнге айдар тағып, танымдық, мәдени, спорттық шаралар ұйымдастырады. Бейсенбіде «Денсаулық» күнін атап өткен балалар адам саулығына байланысты шаралардың бел ортасында жүр екен. Байқауымызша, көңілдері шат. Тіпті, араларында «Шағалаға» жетінші мәрте келсе де, мұндағы демалыстан жалықпаған оқушыларды көрдік.

Айта кетерлігі, «Шағала» – Сырдарияның жағасында орналасқан демалыс орталығы. Аймақ басшысы 1957 жылы салынған орталықтың соңғы жөндеу жұмыстарымен танысып, балалар алаңын аралады.

Облыс әкімі сапар барысында Ақтан батыр ауылының тұрғындарымен кездесіп, «ҚазалыТеміржолжылу» МКК жұмысымен де танысты.

1996 жылы пайдалануға берілген кәсіпорында ДЕ-14/16ГМ маркалы 4 бу қазандығы бар, олардың үшеуі жылыту маусымында және біреуі резервте жұмыс істейді. Қазір «ҚазалыТеміржолжылу» МКК 102 мекеме, 46 көпқабатты үй мен 184 жеке үйді жылумен қамтамасыз етеді. Бу қазандықтарында негізгі отын – табиғи газ болса, 288 тонна резервтік отын – мазут та бар.

Мұнан кейін облыс әкімі «LCI-MK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін де аралады. Негізінен құрылысқа қажетті материалдар өндіретін зауыт жылына 10 мың текше метр темір-бетон бұйымдарын және конструкцияларды жасап шығарады. Бүгінде 18, 21, 24 метрлік балкаларды стандарттарға сәйкес дайындайтын серіктестік республика аумағын жол-көпір құрылыстарына қажетті темірбетон бұйымдарымен қамтамасыз етуде.

Аймақ басшысы бұл сапарында Қазалы локомотив жөндеу зауытына да барып, жұмысшылармен кездесті. Қуанышбек Ысқақов цехтардың жұмысымен танысу кезінде темір тұлпардың бабын білген теміржолшы еңбегі елеулі екенін атап өтті. Сондай-ақ, Арыстағы жарылыс кезінде облыс аумағында тоқтаған пойыз жолаушыларына сапалы қызмет көрсетілгенін де еске салды. Өткен ғасырда, 1905 жылы құрылған депода қазір 369 адам қызмет атқарады екен.

Қуанышбек Досмайылұлы аудан орталығындағы көпқабатты үйлердің құрылыс жұмыстарымен де танысып, екі және үш бөлмелік пәтерлерді аралап көрді. Қазір Әйтеке би кентінде «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында 18 пәтерлік 6 жалдамалы көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Нысан салынып біткенде олардың әрқайсында екі бөлмелі 12 және үш бөлмелі 6 пәтер болады.

Қазалы ауданына жұмыс сапарының соңында облыс әкімі «Қазалы Керуен» көлік, саудалогистикалық орталығына барды. Автовокзал, автотұрақ, техникалық қызмет көрсету, сауда алаңдары бар орталық жанжақты қызмет көрсетеді.

1-бет.

Қармақшы ауданы:
Ел еңбегі еселі

– Ұжымда 25 қызметкер бар. Тәрбиешілеріміз жоғары білімді. Халық сұранысын толық қанағаттандырамыз деген сенімдемін. Заманауи жабдықтар мен қажеттіліктерге қолымыз жетті. Мынадай ғимарат қолданысқа берілген соң ауылда балабақшамен қамтылмаған бала қалмасы анық, – дейді ол.

«Тұрмағамбет» ЖШС мұнымен қатар сүт өнімдерін өңдеу цехын таяу арада қолданысқа бермек. Аймақ басшысы нысан құрылысымен танысты. Екі мыңнан астам халқы бар елді мекен мал шаруашылығын да, егін шаруашылығын да қолға алған. Н.Пірмантаев цехтың шикізаттан мәселесі болмайтынын ашып айтты. Жобаның жалпы құны 30 млн теңгені құрайды.

– Кеңестік кезеңде ауылда 3 мың бас сауын сиыр болған. Сүтін ауданға жөнелтетін. Сондықтан халықтың бұл тұрғыда тәжірибесі мол. Қазір де 1300 бас аналық сиыр бар. Шикізаттан еш мәселе болмайды. Тағы бір айта кетерлігі, биыл – «Жастар жылы». Цехқа 5 маман қажет, оның барлығы да ауыл жастары болмақ, – дейді ол.

Төретам кентінде облыс әкімі 2018 жылы ашылған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жұмысымен танысты. Спорттың бокс, ауыр атлетика, баскетбол, волейбол және кикбоксинг түрлері бойынша шәкірт тәрбиелейтін кешенде 210 бала жаттығады.

Қармақшы ауданында облыстың мақтанышына айналған елді мекендердің бірі – Дұр Оңғар ауылы. Мұндағы «Жаңажол» серіктестігінде өткен жылдан бастап сағатына 5 тонна күріш өңдейтін цех жұмыс істеп тұр. 12 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 400 адам еңбек ететін мекеме жұмысына облыс әкімі оң бағасын берді.

– Біздің өнімдеріміз сапа жағынан алдыңғы қатарда. Қазір 400 адам еңбек етеді. Негізі 250 жұмысшының өзі жетіп жатыр, бірақ бізде әр үйден бір адамға жұмыс береміз деген ұстаным бар. Қызметкерлердің орташа жалақысы 80 мың теңге. Болашақта көнерген қоймаларды жаңарту, бетон зауытын салу, газоблок цехын ашу тәрізді ауқымды жоспар бар, – деді серіктестік төрағасы Орынбасар Төлепов.

Сондай-ақ, аймақ басшысы III Интернационал ауылдық округінде «Достық жер МК» ЖШС демеушілігімен жүргізілген орталық алаңды абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Ақтөбе ауылындағы жылына 1500 тонна құс етін өндіруге арналған құс фабрикасының құрылысы да облыс әкімінің назарынан тыс қалмады. Мұнда қазір жұмыстың басым бөлігі орындалған. 2018 жылы «Байқоңыр ӘКК» арқылы 458 млн теңге, жоба бастамашысының «Ақтөбе и К» серіктестігі арқылы 200 млн теңге, барлығы 658 млн теңге қаржысы игерілген. Бүгінде жұмыс жалғасуда.

– Жобаның жалпы құны 1,9 млрд теңге. Инженерлік инфрақұрылымы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асып жатыр. Қосымша құрама жеммен қамтамасыз ету үшін 512 гектар жер аукционсыз берілді. Жоба толық іске қосылса, 47 адам жұмыспен қамтылады, – дейді облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова.

Сондай-ақ, өңір басшысы аудандағы бірқатар елді мекен тұрғындарымен кездесіп, өңірді дамыту мәселелерін талқылады.

Айта кетейік, аудан әкімінің сапары бүгін Жалағаш ауданында жалғасуда.

Қармақшы ауданы.

Кадрлық өзгерістер болды

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен актив отырысы өтіп, бірқатар кадрлық өзгерістер жария етілді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен Жаханов Бахыт Дүйсенұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Түрлі жауапты қызметтер атқарған ол 2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметін атқарған болатын. Сондай-ақ, облыс әкімі аппаратының басшысы болған Делмұханов Марат Нұрсайынұлы да облыс әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

Еңбек жолын Батыс Қазақстан облысының экономика басқармасында бас маман ретінде бастаған Марат Нұрсайынұлы әр жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты талдау-эксперттік бөлімінің бас маманы, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, Батыс Қазақстан және Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болған.

Мұнан бөлек, жиында облыс әкімі аппаратының Мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы ретінде Жалғасбаев Ерқыран Ертілеуұлы таныстырылды. Облыс әкімі жаңа қызметке тағайындалғандарға сәттілік тілеп, үлкен сенім білдірді.

“СБ” ақпарат.

МАРАТ ДЕЛМҰХАНОВ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен Делмұханов Марат Нұрсайынұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

М.Делмұханов 1979 жылы туған. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «бухгалтер-экономист» және «заңгер» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Батыс Қазақстан облысының экономика басқармасының бас маманы ретінде бастаған.

2002-2010 жылдары – Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты талдау-эксперттік бөлімінің бас маманы, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, «Технопарк «Алгоритм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

2010-2013 жылдары Маңғыстау облысы әкімі аппараты ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

2013-2017 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болған.

2017 жылдың маусым айынан бастап осы кезге дейін облыс әкімі аппаратының басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

БАХЫТ ЖАХАНОВ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен Жаханов Бахыт Дүйсенұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Б.Жаханов 1974 жылы туған. Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтын «экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаментінің жетекші маманы болып бастаған.

Әр жылдары облыстық экономика, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сондай-ақ, білім басқармаларында жауапты қызметтер атқарған.

2008-2011 жылдары – облыстық ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларын басқарған.

2011-2015 жылдары – облыс әкімінің орынбасары, Қазалы ауданының әкімі.

2015 жылдың маусым айынан бастап осы кезге дейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

ОБЛЫС ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҰМЫСТАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі аппаратының Мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы лауазымына Жалғасбаев Ерқыран Ертілеуұлы тағайындалды.

Е.Жалғасбаев 1988 жылы туған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «құқықтану», сондай-ақ «экономика және бизнес» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2011 жылы Қызылорда қаласы әкімі аппаратының бас маманы ретінде бастаған.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап осы кезге дейін облыс әкімі аппараты Мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарып келді.

Фердоуси ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы:

«Мақсат – жаппай кәсіпкерлікті дамыту»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында биылғы бірінші жартыжылдықта елімізде экономикалық өсім бар екендігі айтылды. «Басты мақсат – қолда бар мүмкіндіктерді, әлеуетімізді толық пайдалану. Аталған жетістіктерді еселеуіміз керек», – деді Мемлекет басшысы. Осы жиында бизнеске тұсау болғандар қатаң жазаланатыны ескертіліп, бірқатар салалар бойынша нақты тапсырмалар берілгені мәлім. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергеновпен әңгімеміз аймақтағы кәсіпкерлік саласының дамуы туралы болды.

– Фердоуси Әбілқасымұлы, Мемлекет басшысы жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасауға маңыз берді. Бұл орайда үш жылды кәсіпкерлікті қолдау жылына арнаған Сыр елінде кәсіпті дамыту мақсатында жасалып жатқан ерекше қадамдарды атап өтсеңіз...

– ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Үкіметтің қазіргі кездегі және болашақтағы басты міндеті – жұмыс орындарын құру. Біздің мемлекетіміздің экономикасының жағдайы және ішкі тұрақтылығы осы мәселені шешумен байланысты», деген болатын. Негізгі мақсатымыз – облыста жаппай кәсіпкерлікті дамыту, жергілікті нарыққа қажетті өнім және қызметтермен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту мәселесін шешуге белсенді атсалысу.

Өңірде жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың санын қысқартуға ықпал жасау, өңірдің жалпыөңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін күрт ұлғайту мақсатында облысымызда өткен жылы Жаппай кәсіпкерлікті қолдаудың үш жылдығы жарияланғаны белгілі. Аталған саланы қолдау мақсатында биыл арнайы Жол картасы әзірленіп, оған әртүрлі қаржы көздерінен 34 млрд теңге бағытталады деп жоспарлануда. Оның 5 млрд теңгесі мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелер мен мемлекеттік гранттар беруге бағытталып отыр.

Аталған қаражаттар есебінен «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында шағын несиелендіру үшін 3,5 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде ауылдық жерлерге – 3 210,476 млн теңге, Қызылорда қаласына – 299,49 млн теңге. Ал несиелерді кепілдендіру үшін 220,9 млн теңге бөлінді. Жалпы, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында аталған бағдарлама аясында шағын несиені барлығы 153 адам алды. Сонымен қатар, «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағдарламасы аясында облыстық бюджеттен 850 млн теңге бөлініп, нәтижесінде ісін жаңа бастаған 205 кәсіпкердің жобасы мақұлданды. Бұған қоса, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін осы жылға 1 млрд 50 млн теңге (оның ішінде субсидиялауға – 900,619 млн теңге, кепілдендіруге – 119 млн теңге, гранттық қаржыландыруға – 31 млн теңге) бөлініп, шағын және орта бизнестің 216 субъектісіне қаржылай қолдау көрсетілді. Атап айтсақ, биылғы жыл басынан бері жалпы құны 2,6 млрд теңгені құрайтын 91 жоба субсидиялау үшін мақұлданды. Сонымен қатар, 41 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жалпы құны 432 млн теңге көлемінде кепілдіктер берілді.

Биылғы жылы мемлекеттік гранттар беру конкурсын өткізу үшін 31 млн теңге бөлініп, оның 21 млн теңгесі жас кәсіпкерлерді қаржыландыруға бағытталды. Жалпы конкурсқа қатысуға 473 шағын кәсіпкерлік субъектісі өтінім білдірген-ді. Конкурстық комиссия шешімімен барлығы 84 жоба қаржылай қолдау тапты. Қайтарымсыз қаражатқа ие болғандардың тең жартысынан астамы жас кәсіпкерлер.

Сондай-ақ, әкімшілік кедергілерді қысқарту бағытында Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы арқылы 4181 қызмет көрсетілген болса, оның ішінде техникалық шарттар 788 тұлғаға ұсынылды. Еске сала кетсек, бизнесті дамытуда кездесетін кедергілерді азайтуға және кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында сол кездегі облыс әкімдігінің қолдауымен 2017 жылдың қаңтар айында кәсіпкерлік және туризм басқармасы жанынан «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, жұмыс жасап келеді. Аталған орталық «бір терезе» қағидаты бойынша 70-ке жуық қызмет түрін көрсетеді.

– Енді Сыр өңіріндегі кәсіпкерлік саласында елең еткізер жаңа жобалар туралы тарқатсаңыз...

– Жуырда облыс орталығындағы «Шаңырақ» кешенінде «Қазақстанның үздік тауары – 2019» өңірлік көрме-байқауы өтті. «Атамекен» ұлттық палатасы облыстық филиалының ұйымдастыруымен шараға облыс аумағындағы 50 тауар өндіруші кәсіпорын қатысты. Ең алдымен осы дәстүрлі көрме-байқауға қатысып, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған «Қазақстандық Мұнай-Химиялық Кемикал Компаниясы» ЖШС-ның Шиелідегі құбыр зауытын атап өтуге болады. 2009 жылы құрылған компания түрлі өлшемдегі сапалы полиэтилен құбырларын өндіреді. Нақты кезеңде аталған кәсіпорын 100-ден астам жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр.

«Қазақстандық Мұнай-Химиялық Кемикал Компаниясы» ЖШС – жоғары нәтижелерге қол жеткізе алған жас кәсіпорын. Зауыт төмен қысымды полиэтилен (диаметрі 20 мм-дан 630 мм-ге дейін) және поливинилхлоридтен (диаметрі 63 мм, 90 мм, 110 мм, 113 мм, 140 мм, 160 мм, 195 мм және 225 мм) жасалған құбырлардың кең спектрін өндіреді. Бастысы, ол – аймақтағы қарқынмен дамып келе жатқан компаниялардың бірі. Өндірістің ерекшелігі – экологиялық таза, қалдықсыз өндіріс болып табылады. Компания өндіретін құбырлары берік және жоғары сапалы болып табылады, ал, қызмет мерзімі қазақстандық өндірістегі құбырлардың басқа санаттарын пайдалану стандарттарын айтарлықтай арттырады.

Сонымен қатар, ЖК «Әбділла» деп аталатын кәсіпкерлік нысанын мақтанышпен айта аламыз. Биылғы көрме-байқауда «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша жеңімпаз болған кәсіпкер Жаңақорған ауданы Кейден ауылында жүгері сусынын өндірумен айналысады. Жүгеріден жасалған, таза табиғи өнім өндіруші кәсіпорын бүгінгі таңда 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ауданның шекарасынан шығып, облыс көлеміне танылған команда 2017 жылы мемлекеттен 3 млн теңге грант алған еді. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2018 жылы облыс әкімінен 1 млн теңге қаржылай көмек сертификатын иеленді.

Бұған қоса, Қазалы ауданында өндірілетін отандық попкорн өнімін де мақтанышпен айта аламыз. Еліміз бойынша қаптамадағы алғашқы попкорн Қазалы ауданына қарасты Бірлік ауылында жоғары сапада өндіріледі. Жаңа тауарға кәсіп иесі «Томпи» деген атау берді. Бүгінде Қазалы, Арал, Байқоңыр және Қызылорда қаласынан аталған өнімге сұраныс артып келеді.

– Нақты кезеңде бизнес климатты жақсарту мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Алдағы жоспарлы жұмыстармен бөліссеңіз. Болашаққа бағдар қандай?

– Экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының бірі – шағын және орта бизнесті дамыту. Мұны кешегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы айрықша атап өткені мәлім. Яғни, қазіргі таңда мемлекет кәсіпкерлікті қолдауға ерекше маңыз беріп отыр.

Алдағы жоспарларға тоқталсақ, ең алдымен, шағын және орта бизнестің айқындамасын кеңейту мен нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлік ортаның бастамаларын жүзеге асыруда ықпал ету, шағын және орта бизнестің бәсекелестік қабілетін арттыру. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген қаражаттарды мерзімінде игеру, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қаражаттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік бағдарламалар аясында несиелендіру бағыты бойынша жұмыстар жасау, атап айтсақ:

- «БЖК – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 165 ШОБ субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету;
- Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 100 жобасын шағын несиелендіру;
- «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» Микроқаржы ұйымы» ЖШС арқылы «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағдарламасы аясында шағын бизнес субъектілерінің 200 жобасын тартылған немесе қайта бөлінген қаражаттар есебінен шағын несиелендіру. Және атап өтетін жоспарымыздың бірі – шағын және орта бизнестің макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша қойылған межелерге қол жеткізу.

Әңгімелескен
Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

БРИФИНГ

Облыс көлемінде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті 14 жұқпалы ауруларға қарсы бөлінген ветеринариялық препараттар облысқа түгелдей дерлік жеткізіліп, қазіргі күні бекітілген 6 айлық алдын ала егу жоспары толық орындалды. Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсұлтан Әпетов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осылай деп мәлімдеді.

Ветеринариялық талаптар қатаң бақылауда

Басқарма басшысы хабарлағанындай, мүйізді ірі қараның тейлериозы мен пиплазмозы, уақ малдың бауыр құрты, түйенің трипаносомозы, жылқының гастрофилезі мен сақау секілді жануарлардың энзоотикалық ауруларына қарсы дәрі-дәрмек алуға соңғы жылдары облыстық бюджеттен қаржы бөлініп келеді. Басқарманың ұйымдастыруымен облыстың эпизоотикалық картасы жаңартылған. Атап өтерлігі, аймаққа соңғы рет 2015 жылы уақ мал арасынан анаэробты энтеретоксемия және пастереллез ауруы тіркелген. Ветеринария саласында жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде аса қауіпті аурулар тіркелмей, эпизоотиялық тұрақтылық сақталып отыр. Ал, бруцеллез ауруына қарсы диагностикалық тексеру нәтижесінде облыс бойынша 76 бас МІҚ 73 бас уақ мал ауру болып анықталып, ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес сойылған.

Брифинг барысында сондай-ақ, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулап жоюға аудандық және қалалық бюджеттерден барлығы 43,4 млн теңге бөлініп, қазіргі күнге дейін 15487 бас қаңғыбас ит пен мысық жойылғаны айтылды. Басқарма басшысы облыс бойынша мал қорымдарының жалпы саны 146 болса, оның 75-і ғана талапқа сай келетінін жеткізді. Биыл 6 мал қорымын салу жоспарланып отыр. Аймақта 34 мал сою алаңы және 4 мал сою пункті бар. Бұл нысандарда аттестатталған ветеринариялық дәрігерлер қызмет атқарады. Жыл басынан бері 7068 бас МІҚ, 1204 бас уақ мал, 1431 бас жылқы, 155 бас түйе ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес сойылып, тұтынушыларға жеткізілген.

Облыста мал ұрлығының алдын алу мақсатында "Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жануарлары ұрлығының алдын алу, ветеринариялық ілеспе құжатсыз тасымалдау фактілерінің жолын кесу және ауыл шаруашылығы жануарларын ҚР АШМ "АШЖБ" дерекқор базасына енгізу іс-шаралар жоспары" қабылданып отыр. Қазір осы жоспарға сәйкес жауапты мамандар тізімі жасақталып, бірлескен рейдтер жүргізілуде. Нәтижесінде жыл басынан бері ветеринария саласына қатысты бірқатар заң бұзушылық анықталды. Басқарма басшысы оларға қатысты 370 нұсқама және 2,2 млн теңгені құрайтын 93 айыппұл салынғанын мәлімдеді.

«СБ» ақпарат.

Табиғат тамыршысы

Жаңқожа батыр ауылына аяқ басқаннан жайқалған жасыл желекке тап болдық. Желмен тербелген талдардың жапырағынан күн сәулесі тілшелене көрінеді. Арықтардан сылдырай аққан су маңайға тіршілік жырын паш еткендей. Саябақ, мәдениет үйі, әкімдік ғимараты, мектеп, өзге де нысандар мен жекелеген үйлердің ауласы да жайқалып тұр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Ауыл маңайы да жұтаң емес. Әлсейіт көпіріне дейінгі аралықтағы шоғырлана өскен жиде ағашы, дарағы талға бергісіз қалың жыңғылға сүйсінуіміз арта түсті. Тоқырау жылдары қатты сиреген табиғат байлығы қайтадан қалпына келіпті. Өзім тілдескен ауылдасымның «қазіргі таңда тұрғындардың табиғатқа деген жанашырлығы жоғары. Бұрынғыдай қыстық тамызық қажет деп бей-берекет тал, жыңғыл шабу мүлде азайды. Бұған Ардақ Кәдір басшылық жасайтын «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ ұжымы, орманшы Жайсаңбек Байсүйеудің де ықпалы бар» деген уәжін орынды санадым.

Сапардан соң аталған мекеме басшыларымен тілдесіп, біршама жайтқа қанықтық.

«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты орман қоры жерінің көлемі 1 785 579 гектарды құраса, оның ішінде орман басқан алқабы 896267 гектарды алып жатыр. Орман қоры Қарақұм, Қызылқұм және Қасқақұлан орманшылығы болып үшке бөлінген.

– Мемлекеттік орман қоры 14 айналымды құрайды. Әр айналымның паспорты жасалынып, орманшыларға бекітіліп берілген. Жыл басында арнайы жасалған кесте бойынша орманшылардың Басықара, Қарлаң, Абай, Әлсейіт бекеттерінде көктем және күз мезгілдерінде тиісті кезекшіліктер ұйымдастыруы жолға қойылған. Кентті көркейту, көгалдандыру мақсатында «Жасыл белдеу» жасалып, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының 7 гектарына егілген саялы ағаштардың 13058 данасы көктеп тұр. Шығымдылығын арттыру мақсатында күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді. Биотехникалық шараларға қаралған қаржы толық игерілді. Жабайы жыртқыш аңдардың санын реттеу мақсатында аулау, ату нәтижесінде 100 шибөрі, 10 қасқырдың көзі жойылды. Мемлекеттік орман қоры жеріне ағаш егу бағытында Қызылқұм орманшылығының №26 орамына көктемде сексеуіл көшеттері отырғызылды. «Ояз» бағына да Сыр талы көшеті отырғызылып, күзде Арал теңізінің суы қайтқан ұлтанына сексеуіл тұқымы жиналып, себілді. Орман өртін болдырмау тұрақты назарға алынған, - дейді «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ директоры Ардақ Кәдір.

Жағымды жаңалықты жеткізсек. «Ояз» бағында жерсіндіру мақсатында емен, туя, можжевельник, катальпа, сумах, айлант саялы ағаштар егілді. Арал теңізінің суы қайтқан ұлтанына Оңтүстік Корея мемлекетімен жасалған меморандумға сәйкес бірқатар техникалар сатып алынды. «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні» акциясы барысында көшет ағашы тегін босатылған.

Жыл басынан бері аудандық полиция бөлімі және облыстық аумақтық инспекциясымен бірлескен түрде өткізілген рейдтер өз жемісін беріпті. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша хаттама, әкімшілік айыппұл салынса, 14 азамат атып алған аң-құсы болмағандықтан, ескертумен шектелген екен.

«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ есебі бойынша аудан көлеміндегі балық шаруашылығында маңызы бар 19 су айдыны тізімге алынып, табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінде балықтың жаппай қырылуының алдын алу мақсатында қыс мезгілінде мұздан ойықтар ойылып, қамыстан ауа беру шарасы жүргізіліпті.

Қазалы ауданы.

Қармақшы өңіріндегі қасиетті нысандар

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында рухани қодымыздың басты тетігі болып табылатын қоғам үшін маңызды, сонымен қатар халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында да біраз құнды тарихи материалдық мәдениетіміздің негізі қалыптасуда.

Қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүрген ата-бабаларымыз «кие» сөзіне ерекше мән беріп, кіндік қаны тамған туған жерінен бастап, тарихи тұрғыда өшпес із қалдырған тарихи орындарды киелі де қасиетті жерлер деп бағалаған. Ата-бабаларымыздың «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың», «Әркімнің өз жері – жұмақ», «Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз», «Туған жердің әр тасы-біздің алтын тағымыз», деп айтып кеткен нақыл сөздеріне қарасақ, туып-өскен жерін кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалай білгендігін көреміз. Халқымыздың ұлттық санасының ерекшелігі де осында.

Рухани жаңғыра отырып, болашаққа бет түзеген халықтың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Біз үшін батысы мен шығысы, беткейі мен теріскейі ұшқан құстың қанаты талатын аймақты алып жатқан Қазақстанның әрбір сүйем жері қасиетті де киелі.

Қазақстанның киелі жерлері ретінде ерекше бағаланатын табиғи және мәдени нысандар, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, халық арасынан шыққан көрнекті тұлғалардың кесенелері мен қорымдары, халық жадында елеулі із қалдырған тарихи-саяси оқиғаларға байланысты орындар танылады. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси өмірінде ұлттық бірлік пен бірегейлік, жаңғыру нышаны ретінде маңызды орын алатын заманауи нысандар да кіреді.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша 12 тарихи ескерткіш еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді. Оның ішінде Қармақшы ауданы бойынша жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне Ежелгі Шірік-Рабат қалашығы және Қорқыт ата кешені енсе, ал, Бәбіш мола қалашығы, Баланды II кесенесі, Жетіасар мәдениеті ескерткіштері (Алтын асар, Жалпақ асар, Томпақ асар, Моншақты асар, Бидайық асар, Кіші қос асар, Үлкен қос асар, Жаман асар, т.б) Марал ишан мазары, Қалқай ишан кесенесі, Байқоңыр ғарыш айлағы, өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілді.

Өлкеміздің материалдық мәдени тарихында сәулет ескерткіштері мен қала құрылыстары айрықша орын алады. Көне қалалардың орындары, керуен сарайлары, діни орындар мен мешіттер, мавзолейлер, қорымды-мінәжат кешендер байырғы бабаларымыздың әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің нақты айғақтары болып табылады. Мұндай мұралар Қармақшы ауданының территориясында көптеп кездеседі. Қазақстан Республикасы мәдениетінің алтын қорына жататын ескерткіштер бір кездері өлкеде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың тарихын баяндайтын мұрағаттар болып табылады. Осы ежелгі қалалардың тұрғындары мен қазақ халқының арасындағы тектестікті ұрпақтар сабақтастығын зерттеуді тереңдете түссек, аймағымыздың көне тарихының әлі де болса айқындала қоймаған тұстарын ашуға болады.

XIX ғасырдың ортасында бірқатар орыс зерттеушілері В.Лерх, Берг, т.б. Қазақстанның аумағында соның ішінде Сыр бойында орналасқан ортағасырлық қалаларды зерттей бастады. Алайда, толыққанды зерттеу жұмыстарын 1940-1950 жылдары КСРО ҒА ұйымдастырған Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы жүргізді. Жарты ғасырға жуық жүргізілген бұл зерттеу жұмыстары Сыр бойында орналасқан кейінгі қола, ерте темір, ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді қамтыды. Бұл экспедицияға орыстың көрнекті археологтары С.Толстов, Л.М.Левина, Л.Ерзакович, Л.Яблонский, Б.В.Андрианов, т.б. ғалымдары қатысып зерттесе, XXI ғасырда еліміздің ғылымы мен мәдени ортасында үлкен серпіліс тудырған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша К.Байпақов, Ж.Құрманқұлов, С.Жолдасбаев, М.Елеуовтер де өлкемізде көне мәдени ошақтарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

1946 жылдан бастап Мәскеудегі археология-этнографиялық институты жанындағы Хорезм экспедициясы Қармақшы, Қазалы аудандарының территориясында қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеу кезінде қола, сақ мәдениетіне тән ескерткіштерді анықтады. Шірік-Рабат, Бәбіш мола, Алтын асар, Жетіасар ескерткіштерін қазған кезде, табылған қыш ыдыстар кезінде сүт тағамдарын, дәндерді сақтауға пайдаланғаны анықталды. Егіншіліктің суармалы түрі қалыптасқанын көрсететін дән үккіш тас диірмендердің табылуы ерте кездердегі өлке тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін көрсетеді.

Көне ерте замандар мен орта ғасырлардағы тарихи мәдени ескерткіштеріміз туралы көптеген ғылыми тұжырымдалған мәліметтер көпшілікке кеңінен жариялануда. Тарихи маңызды қасиетті орындарда өмір сүрген халықтардың тұрмыс-тіршілігі өз заманында өркениеттің дамуына зор үлес қосқаны, зерттеу жұмыстары нәтижесінде айқын көрінеді. Осындай тарихи құндылықтарымыздың әлі де ашылмай жатқан сырларын ашу мақсатында «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында көптеген ауқымды жұмыс атқарылуда.

Ұлттық құндылықтарымызды осындай киелі нысандар арқылы жаңғырту, болашақ елдің иесі болар ұрпақты рухани бай мұрамен сусындата тәрбиелеу, ұлттық негізгі қағидалардың бірі болып табылуы тиіс. Бірін-бірі толықтыратын «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы арқылы туған жер мен киелі жерлерге деген шынайы патриоттық сезім арқылы, екеуінің сабақтастығы болашақ ұрпақтардың біртұтас мызғымас тарихи санасын қалыптастырады. Туып-өскен жерге деген сүйіспеншілік әрбір азаматтың санасында жүйелі түрде қалыптасып, Отанымызға деген патриоттық сезімге ұласса. Сонда ғана Қазақстанның қасиетті жерлерін қастерлеу – бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы болары хақ...

Д.ЕРЖАНОВ,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының директоры.

ЖЕТІАСАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ.
Б.з.д. I мж аяғы – б.з. I мж.
Орналасқан жері: Қармақшы ауданында орналасқан.
Өңірлік маңызы бар киелі нысандар.

ҚАЛҚАЙ ИШАН КЕСЕНЕСІ. XIX ғасыр.
Орналасқан жері: Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым
Өңірлік маңызы бар киелі нысандар.

МАРАЛ ИШАН МАЗАРЫ. XIX ғасыр.
Орналасқан жері: Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым
Өңірлік маңызы бар киелі нысандар

Аудандағы киелі жерлер географиясына енген ескерткіштер

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын айтып өткен болатын. Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен қазақ халқының тарихынан елеулі орын алатын Қазақстанның қасиетті орындарын анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды. Ғылыми-сараптамалық кеңесі ашылып, еліміздің облыстық әкімдіктерінің қатысуымен қасиетті орындарды анықтау үшін жұмыс топтары құрылды. Қазақстанның 100 қасиетті орны мен кешендерінің тізімі анықталды. Тізімге Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік саяси өміріндегі маңызды орын алатын нысандар мен кешендер кірді.

Қазақстан бойынша қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері;
2. Археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалық орталықтар;
3. Діни және ғұрыптық орындар;
4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар;
5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша 12 тарихи ескерткіш еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді. Оның ішінде Қармақшы ауданы бойынша 2 тарихи ескерткіш жалпы ұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 6 тарихи ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне кірді.

Жалпыұлттық қасиетті нысандар
Ежелгі Шірік-Рабат қалашығы
Қорқыт ата кешені

Өңірлік қасиетті нысандар
Ежелгі Бәбіш мола қалашығы
Баланды II кесенесі
Жетіасар археологиялық кешені
Марал ишан мазары
Қалқай ишан кесенесі
Байқоңыр ғарыш айлағы

ШІРІК-РАБАТ ҚАЛАШЫҒЫ
Б.з.д.V-II ғ.ғ. – б.з.IX-XII ғ.ғ.
Жалпы халықтық киелі жерлер.

ҚОРҚЫТ АТА ЕСКЕРТКІШ КЕШЕНІ
(стелла, амфитеатр, қылует, қошқар тас, мұражайы) **1980 жыл.**
Орналасқан жері: Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым.
Жалпы халықтық киелі жерлер.

БАЛАНДЫ II КЕСЕНЕСІ.
Б.з.д. IV-II ғ.ғ.
Орналасқан жері: Қармақшы ауданы, Қуандария ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырым.
Өңірлік маңызы бар киелі нысандар.

БӘБІШ МОЛА ҚАЛАШЫҒЫ.
Б.з.д. IV-II ғ.ғ.
Орналасқан жері: Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 47 шақырым.
Өңірлік маңызы бар киелі нысандар.

“Жанқожа батырдың тарихы” деп аталатын бұл көлемді қолжазбада Сыр бойы тұрғындарының сүйікті батыры “Ел қорғаны – Ер Жәкең” атанған Жанқожа батыр Нұрымбетұлының өмірбаяндық шежіресі баяндалған. Мұнда батырдың ата-тек шежіресі тарқатылуымен бірге Жанқожаның сыртқы басқыншы жауларға қарсы жасаған жорықтары кезең-кезеңімен әсерлі әңгімеленген. Әр оқиғаға жеке тарау беріліп, тақырып қойылған. 17 тарауға бөлінген тарихи шежіренің соңында Жанқожа батырдан тараған ұрпақтары туралы нақты мәліметтер кездеседі.

Әрине, өткен ғасыр басында жазылған шежіренің мазмұнында аздаған стильдік кемшіліктер болғанымен, мұндағы әңгімелер батыр жайындағы бұрын айтылып, жазылып жүрген тарихи деректерден онша алшақтамайды. Қайта Жанқожа батырдың ер тұлғасын, бекзат болмысын, кескін-келбетін, мінез-құлқы мен басқа да кісілік сипаттарын аша, толықтыра түседі.

Қолжазбаның сыртқы мұқаба бетінде “Жанқожа батырдың тарихы”. Материалын, тарихын құрастырып жинаған Жанқожа батырдың туған немересі Көрегенов Қобылан. Ескерту. Бұл жазылған тарихи материал Жанқожа батырдың баласы Жолшы батырдың 1929 жылы өлер алдында өз аузынан жазылып алынды. Қобылан. 17 октябрь, 1945 жыл. Город Казалинск. Кзылординская обл” деген жазу бар.

Қазіргі уақытта ҚР ҰҒА Орталық Ғылыми кітапханасының Сирек қолжазбалар қорында сақтаулы тұр (ОҒК. ҚҚ: 734-бума). Қолжазба бұрын жарияланбаған. Сыр өңірі тарихы үшін аса бағалы мұраны тауып, газетке ұсынушы – облыстық “Рухани жаңғыру” орталығының бөлім басшысы, түркітанушы, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан.

P.S. Қолжазбаның иесі – Жанқожа батырдың туған шөбересі Қобылан Көрегеновтің ұрпақтары қазіргі таңда Тараз және Астана қалаларында тұратындығы белгілі болды. Әулеттің қазіргі үлкені – Жасарал Қобыланұлы Көрегенов ұзақ жылдар бойы ҚР Бас прокуратурасы институтында жауапты қызметтер атқарған.

Жанқожа батырдың тарихы

(Жанқожа батырдың баласы – Жолшы батырдың аузынан 1929 жылы жазылып алынған. Жазып алған – немересі Көрегенов Қобылан).

Халық аузында Нұрымбетов Жанқожа батырдың есімі көп уақыттан бері аталып келеді. Бұл кісінің даңқы, халық үшін істеген еңбегі, ұлт бостаншылығы үшін күресі – қазақ халқына, қала берді Қызылорда, Ақтөбе облысының еңбекшілеріне (еліне) өте айқын. Жанқожаның батырлығын, ерлігін, қазақ халқы үшін Ресей патшалығының саясатына қарсы күресін білмейтін Кіші жүздегі қазақтар аз. Жасы үлкен ақсақалдар бастарын қосып, әңгімелескенде, Жанқожаның ерлігін айтады.

Жанқожа туралы 1944 жылы Қазақстан халқының кітабында бірқатар орын беріліп, оның революциялық күрестерін жазған болатын. Дегенмен, ол өте жеткіліксіз. Бұл жайында Қазақстан жазушылар союзы және ғылыми қызметкерлер күні бүгінге дейін түрлі материал жинаса да Жанқожа батырдың еңбегі толық көрсетілмей келеді.

Сондықтан, Жанқожаның тарихын төмендегі фактілермен суреттемекшіміз. Бұл жазылып отырған материал Жанқожа батырдың баласы, Жолшы батырдың аузынан 1929 жылы (өлер алдында) жазылып алынды. Енді айтайық деген әңгіме-пікірімізге келейік.

Жанқожа батыр – Нұрымбет баласы. Былайынша айтқанда, Кіші жүздегі руы – Әлім, Әлімнің ішінде – Шекті, Шектінің ішінде – Құттық, Құттықтың ішінде Майдан деген руынан болады.

Нұрымбеттен төрт бала туады. Ең үлкені – Ақмырза, сонан соңғысы – Жалмырза, сонан кейін Жанқожа, ең кенжесі – Жауқашар. Яғни, бұл төртеуі ағайын, туысы бір – бір әке, бір шешеден, шешелерінің аты – Дүрия.

Төртеуі де жасынан-ақ, өте-мөте зерек, пысық болады. Әрқайсысының мінездері әртүрлі келеді. Атап айтқанда, ең үлкені Ақмырза батырлығымен ерекшеленгенімен ақылынан ашуы бұрынырақ келетін болған. Онан соңғысы Жалмырза салмақты, бір өзеңдеу, садақшы болған. Сонан кейінгі Жанқожа өте кең мінезді, анау-мынау нәрсеге көтерілмейтін, орнықты, салмақты, ақылға кең, сөзге шебер, сөзден ұтылмайтын, әр нәрсеге икемді, қолынан істің бәрі келе беретін, ұсынақты қасиетті иеленіпті. Екінші сөзбен айтқанда садақ, найза, қылыш, қанжар, балдақ, қобыз, сыбызғыны өзі істеп ала беретін және естігенін ұмытпайтын бір көрген нәрсесінен жаңылмайтын зерек те болған. Ең кішісі – Жауқашар күйгелектеу, мінезі шалдуар, тентек келген екен.

Нұрымбет деген кісі байсалды, момын мінезді, етек-жеңі кең, салмақты батыр адам болған. Негізгі қәсібі ауылшаруашылық, мал бағу, өзінің еңбегі арқылы күнелтіс еткен. Солай бола тұрса да, Нұрымбет халық арасында беделді, істі дұрыс шешетін төрешіл кісі.

Бір жағынан шаруа болса да, екінші жағынан батырлығы басым болған. Нұрымбеттің әкесі Киікбай, Киікбайдың әкесі – Құлжаман, Құлжаманның әкесі – Майдан, Майданның әкесі – Кішкенелер де батырлық, әділдікпен өткен адам.

Нұрымбет балаларын жақсы тәрбиелеп, адамшылық жолында баулып өсіруді ең бірінші міндетім деп санаған. Балаларына керекті жағдайлардың барлығын да қамтамасыз еткен. Мысалы: жаужарақ, құрал-сайман, ат-тұрман, жүйрік ат, алғыр бүркіт, қыран құс, құмай тазы, сауық кеш құралдардан – сол замандағы қурайдан істелген сыбызғы, қарағайдан істелген қобыз, домбыра сияқты аспаптардың барлығын да балаларым үйренсін деп жинай берген. Нұрымбет аса малды емес, көшерлік 7-8 түйесі, сауып ішерлік 5-6 биесі – жылқы малы болған. Нұрымбет 82 жасында, яғни 1710 жылы туып, 1792 жылы Хиуа хандығына қарсы соғыста өліп кетеді.

I. Жанқожаның балалық шағы

Жанқожа Нұрымбетұлы 1767 жылы қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты 19-ауылдық территориясындағы «Ақирек» деген таудың ұлтанындағы «Айқайкөл» деген жерде туады. Жанқожа балалық дәуірін 16 жасқа дейін Ақирек тауының ұлтанында өткізеді.

«Болар бала жасынан» дейді қазақ мақалында. Сол айтқандай, Жанқожа туғаннан бастап, жас болса да халық аузына іліге бастады. Өйткені, халық деген өте сыншы, адамның жақсылығын да, жамандығын да сынап отырады, адамның ісіне қарай баға береді.

Біз жоғарыда Жанқожаның әкесі Нұрымбет деген кісі балаларын қалай тәрбиелейтіндігін айтып кеттік. Жалпы, Ресей патшасы құлдығындағы халықтар, яғни қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс халдері өте нашар болатын. Ол кездерде қазақ халқының оқу-білім алу деген санасына әлі кіріп енбеген еді.

Жанқожа 16 жасқа дейін ата-анасының шаруашылықтарына жәрдемдеседі. Бұл кездегі шаруашылықтың басым жағы – мал шаруашылығы. Қазақтар, әрқайсысы әр жақта көшпенді, бір жерге орнықпаған кезі еді.

Жанқожа жасынан әр нәрсеге үйір болады. Ең алдымен жүйрік атқа «Ер карусыз болмайды» дегендей найза, қылыш, бес қаруға ие болады. Әкесі Нұрымбет Түрікпен елінен алдырған «Көк ешкі» деген биеден сол анасынан айнымайтын құлын туады. Оның да атын «Көк ешкі» деп атайды. Міне, осы құлынды Жанқожа жақсы тәрбиелеп, өсіре бастайды. Құлынды күнбе-күн сылап-сипап, оған керекті құнарлы шөптерді жұлып әкеліп беретін болған.

Сөйтіп, құлынды үйретіп, өз ізіне ертіп қалдырмайтынға әдеттендірген. Сол маңайындағы халықтар, елдер Жанқожаның бұл ісіне өте мерейленіп, сүйсінеді. Бұл құлынды тәрбиелеп, өзінің тілін түсінетін ат қылып шығарады.

II. Тентек бала атануы

Жанқожа он алты жасқа толғанда 1783 жылы Ақирек ұлтанындағы «Айқайкөлде» үлкен жер бөліс болады. Жер бөліске екі аталықтан ақсақалдар қатысады. Мысалы, Әйдер (Айдарбек) руынан Тайым деген батыр, Есеналы (Жанқожа жақтан) жағынан шаруа маман – Қалмахан деген. Бұл кезде хандық дәуірдің басым кезі, Тайымның хан жағынан байланысы бар болғандықтан, Есеналы руларына әлімжеттік етіп, жердің судан тапшы, қолайсыз жерлерін береді. Оған көнбегендерді таяқтап сабап жібереді. Тайымнан таяқ жеген шаруалар шағыну үшін Нұрымбетке келеді. Мұң-мұқтаждарын, көрген қорлықтарын Нұрымбетке айтып жатқанда ешкімге айтпастан, білдірместен Жанқожа астына баяғы өсірген «Көк ешкі» тайын міниіп, тақымына кішкене айбалтасын қыстырып, ашу ішін кернеп салып отырып, жердің жақсы шұрайлысын алған Тайымға келеді.

Келе зәрлі, ашы дауыспен: «Әй, Тайым, кімді басынасың, кімді қорлайсың, неге жердің жақсысын өзің аласың да және адамдарымызды сабайсың? Жерді неге тең бөлмейсің? – деп айқай салады. Бұған қанасына келіп, жер базарын қыздырып қамшы таяғы батып тұрған Тайым ешқандай жауап қайтармайды. Тіпті, Жанқожаны менсінбейді, елемейді. Ішін ашу кернеп келген Жанқожа қорықпастан, тайсалмастан жиналған жер басындағы көпшіліктің алдында аттың үстінде тұрған Тайымды тақымындағы балтамен тізесінен келіп қояды. Балта тигесін Тайым аттан аударылып жығылып қалады. Бұған халықтардың бәрі таңданады. «Апырмай, мына жас баланың жүрегінің таудайын-ай! Тіпті, айбынатын емес қой! Жүрегінің түгі бар шығар», – дегендер де болды. Жанқожа жерді (бөліске түскен) тепе-тең, өзі жағы Есеналыларға да, Айдарбек жағына да бөліп береді. Осыдан бастап жұрттың бәрі Жанқожаны «тентек бала» деп атап кетеді. Жанқожа келе жатса, «Нұрымбеттің тентек баласы келе жатыр» дейтін болды. Мұнан былай Жанқожада ешқандай балалық пішін болмайды.

III. Батыр атануы

Жанқожа он жеті жасқа шықты. Балалық мінездерінің бәрі қалды, өзінің парасат-ақылымен дүниені таныды, сана-сезімі көтерілді, таптартысының қайдан шығатынына көзі жетті. Сол кездердегі хандардың әділетсіз екендігін жақсы түсінді.

Жанқожа осы кезден бастап, құралсыз жұмыс істелмейтіндігін анық білді. Сондықтан, бес қару – жаужарақ, құралдарын жабдықтап алды. Төңірек, аймаққа көз салды. Сонымен қатар, өзіне нөкер ерту үшін, халық арасынан өзінің замандас құрбыларынан адамдар жинайды. Сол уақытта қазақ халқына Қылышбай деген хан болады. Елге орынсыз салықтар салып отырған. Қылышбай хан бір жағынан хан болса, екінші жағынан батыр, қарсысына ешкім келмеген. Қылышбайдың озбырлық ісіне шыдамай бір күні Жанқожа Қылышбай тіккен алтын ордаға барады.

Қылышбай ханға Жанқожа: «Елдің тұрмысын күйзелтіп, озбырлық неге жасайсың?» деп балталап, Қылышбайды жарақаттандырады. Сонда Қылышбай ханның туматуысқандары Жанқожаны сабауға ыңғайланғанда Қылышбай хан былай депті: «Қарағымның талабын кейін қайтармашы, жігерін жасытпашы. Бүгін маған тиген балтасы, ертең менің дұшпаныма тиеді» дейді. Бұл сөзі – Қылышбайдың Жанқожадан бірінші жағынан қорқып айтса, екінші жағынан жаңа өсіп келе жатқан Жанқожаға өте сүйсініп айтқаны.

Жанқожа Қылышбайды хандықтан түсіріп, ханның дүние, мал-мүлкін елге таратып берді. Міне, Жанқожаны осыдан бастап халық «батыр» деп атайды.

IV. Тықы батырды жеңуі

Жанқожа он сегізге келгенде, сол мезгілде 1792 жылы қазақ халқын, Жаңадария бойындағы қарақалпақ Тықы деген хан билейді. Тықы – қазақтарды еріксіз түрде, еңбегін қанап және алым-салық алып, істемегені болмайды. Осыған қарсы Жанқожа нөкер, қол жинап алған. Кіші жүзден 5 мыңға жуық батырер жиналып, күздің күні Жаңадария бойындағы Тықы ханға аттанады. Тықы мен Жанқожа жеті күн ұрысып, сегізінші күні алады.

Тықы найзагер батыр болған. Тықыға жекпе-жекке Ғаббаз деген Кіші жүздің 63 жастағы бір ері жекеге шығады. Ол екеуі найзаласып жатқанда (Жанқожа онда он сегіз жаста екен), «Ұрыста тұрыс жоқ» деп Тықының басынан балтамен шауып, қақ жарып тастайды. Міне, осыдан кейін Тықы хандығын жойып, қазақ халқына теңдік әперіп, азаттық жолын ашады. Бұл соғысқа шектінің Бекбауыл және төртқара Құлтас батыры қатысады.

Ескерту: Тықыны шабудың басты себебі – Сыр бойында отырған Жылқыайдардың ауылын Тықының жасауылдары шауып қайтады. Және елді талан-таражға салып, бүліншілікке ұшыратады. Сондықтан Жанқожа қанын алып қайтады. Алған олжаларды ауыл, елдерге бөліп береді. Көп жылдар бойы тыныштық болады.

V. Жанқожаның қырға кетуі

Жанқожа Тықы хандығын құлатқаннан кейін көп уақыт Арқада, Ырғыз бойында мекен етеді. Оған мынадай жағдайлар себеп болады:

Хиуа, Бұхар хандығынан Сыр бойына Бабажан деген сарт хан болады. Хандық жарлығын қазақ халқына орындатып отырады. Оған Жанқожа көнбейді. Сыр бойындағы нөкерлері - жолдастарының көпшілігі хан жағына шығып кетеді де Жанқожаға айтады: «Біз ханға керек дегеннің бәрін берейік және бағынайық» дейді. Бұл сөзге Жанқожа өкпелеп: «Мен Қырға, Арқаға барып, батыр нөкер жинап әкелейін», – деп ағайын-тумаларына риза еместігін білдіріп, көшіп кетеді.

VI. Жанқожаның ағасы – Ақмырзаның қазасы

Жанқожа көптеген уақыт өмірін Қырдың Сарыарқасында өткізеді. Сол жақта шаруашылық кәсібінде болады, сонымен қатар Қырдан бірнеше қол жинап та алады.

Жанқожа Қырда – Арқада жүргенде Сыр бойындағы қазақ халқына Бабажан сарттың істемеген зорлығы болмаған. Мынадай жарлықтар шығарған:

«Елде сұлу, жүйрік ат, төрт аяғы тең жорға, бір туған нар, қамқа кілем, қамқа тон болса, барлығы ханға берілсін!» деген. Хан жасауылдары осылардың барлығын жинап алатын болған. Мұнымен қатар елге қырқылмаған жорға тоқтыдан салық салған, бөрікпен ұрғанда жығылмаған қыздарды зорлауға, қасына жатқызуға жарлық берген. Міне, Бабажанның бұл қысымына Жанқожаның туған ағасы Ақмырза қарсылық етеді, түскен салықтарын төлемейді. Ел арасында Бабажанға қарсы тартыс күшейеді. Бабажан 500 адам шығарып, бастығы түрікпен Айымбетті қарсылық еткен Ақмырзаны өлтіруге жібертеді.

Түрікпен Айымбет батыр Ақмырзаның ауылына келеді. Айымбет келіп Ақмырзаға: «Сен неге ханның жарлығын орындамайсың, түскен салықты төлемейсің!» – деп ақырады. Ақмырза онан қорықпады. «Ханның орынсыз салығы мен озбырлығына көнбеймін, қырқылмаған жорға қара тоқтым жоқ, хан қасына салатын қызым тағы да жоқ», – дейді.

Ақмырза бұл сөзді айтқаннан кейін Айымбет Ақмырзаны өлтіру үшін, ізіне ерген нөкеріне әмір береді: «Ақмырзаны ұстап, қол-аяғын байла!» деп. Ақмырза оңайлықпен қол-аяғын байлатпайды. Айымбетпен соғыса бастайды. Әрине, Ақмырзаның ерген нөкері аз, сонда да болса Айымбеттің он екі адамын өлтіреді. Ақмырзаны Айымбет азаптап өлтіру үшін мойнына арқан тағып, Сырдария суына алып жүреді. Сонымен қатар, Ақмырзаның тума-туысқан ағайындарынан жетпіс адамды айдап, осы күнгі Қазалының күнбатыс беткейінде Аташ қайығының аузына әкеліп, су жағасына Ақмырза мен жетпіс бір етіп, суға ату үшін көгендеп қояды.

Ең алдымен Ақмырзаның екі аяғына екі диірмен тасты байлап, Бабажанның әмірі бойынша Айымбет Ақмырзаны суға салады.

Ақмырза өлімнен қорықпады. Суға түсіп бара жатқанда Айымбеттің екі нөкерін суға ала түседі, суға батпай сүт пісірімдей уақыт жүреді. Ақмырза сонда Айымбетке айтады: «Әй, Айымбет, Жанқожа інім сау болса, менің қаным алынар» дейді де суға батып, қайтпас сапарға аттанады.

Қалған жетпіс адамды да кезекпен суға ата бастайды. Жетінші кезек Жанқожаның немере інісі Көлбайға келеді. Көлбай сөзшең-тілгер адам екен. Суға тастайын деп жатқанда Көлбай Айымбетке: «Арызым бар» дейді. «Бәрімізді суға атқандай біздің жазығымыз не, қарсылық қылған Ақмырза су түбіне кетті, енді біздер ханның жарлығын орындаймыз, бізге азаттық ет», – дейді. Көлбайдың арызы бойынша, көгенделген адамдарды босатады, Бабажан қандай жарлығы болмасын орындата береді.

VII. Жанқожаның Айымбетті өлтіруі

Жанқожа Қырдан (Ырғыз бойынан) бірнеше нөкер, батыр ертіп (өзімен он тоғыз адам) Сырға аттанады. Бұлардың ішінде Құрманай руынан Айдарқұл батыр, Құлтас Жақып батыр, өз баласы Итжемес батыр бар, Қарасақал Дабыл батыр бар. Жанқожа әлі күнге дейін ағасы Ақмырзаның өлгенін білмейді. Келе жатқандағы мақсаты – Бабажан сарттың қаласын шабу.

Осы жол бойында он үш күн жүреді. Ендігі сөзді Бабажаннан бастайық. Бабажан үш жүз сартпен бастығына Айымбет батырын сайлап, Жанқожаның келер жолына осы күнгі Арал қаласының күншығыс бетіндегі Жақсықылыш тауының Арқа бетіндегі «Жыңғылды ойға» жүз ақ боз үй тіккізіп, сонда Айымбет нөкерімен жата береді. Елдегі сұлу қыздың бәрін, әдемі кілемнің, жақсы ат, бір туған нардың бәрін жинатып алады. Нөкер басына екі қыздан, үй басына қазақтардан үш жалдама адам алады. Күн-түні ойын-сауық құрып, ылғи сарт жата береді.

Ішінде Бекбауыл батыр бар (Жанқожаның тумасы) Жанқожа төрт күнде қасындағы нөкерімен бір кемпірдің үйінен ыстық ас ішу үшін кідіріс жасайды. Бұлар үйге түскеннен кейін кемпір сүт қатып тары көже асады. Кемпір Жанқожаны танымайды. Көжесін шөмішпен сапырып жатып, «ойбай, Ақмырза зауалсыз кетті ғой» деп еңкілдеп жылайды. Сонда барып, Жанқожа ағасының өлгенін естиді. Бауыр деген қиын ғой. Жанқожаның түсі қашып шекпенін жамылып үйден шығып, қыр астында бір бұтаның түбіне барып отырады. Асылған көже пісті, табаққа құйылып, қонаққа дастархан жайылады. Әлі келетін Жанқожа жоқ.

Жанқожасыз ешкім тамақ ішпейді. «Бұл Жәкең неғып қалды, кідірісі көбейіп кетті ғой, көкеңді шақырып кел» деп отырған көпшілік баласы Итжеместі жұмсайды. Итжемес далаға шықса, баяғы орнында әлі отыр. Қасына барып «Ау, көке! Кідіріп қалдың ғой, нөкерлерің асығып отыр, ас пісіп тұр», – дейді. Сонда Жанқожа «Апырмай, көп отырып кеттім бе?» – дейді де орнынан тұрып, үйге қарай беттей түседі, отырған жерінде Жанқожаның ішінен қойдың бауыздау қанындай кесек-кесек қан түседі. Жанқожа көрмесін деп Итжемес құммен көміп тастайды.

Бұлар ас ішіп болды да, атқа міниіп, жолға түсті. Алдарынан хабаршы шығады. Ақмырзаның өлгендігі мен Бабажан сарттың қазаққа көрсеткен зорлық-зомбылықтарымен және Бабажан батыры Айымбеттің «Жыңғылды ойда» жатқандығын, әрбір сартта екі сұлу қыздан бар екенін айтады. Сонымен бұлар он бес күнде Айымбет батырдың жатқан жері Жыңғылды ойдың үстінен күн көтеріле бергенде құлайды. Ауылдың сарт беті алдынан екі шақырымдай жерден, Жанқожа ішін ашу кернеген ашы дауыспен Айымбетке: «Жеке, Батыр, жеке!» деп айқайды салады.

Бұл кезде Айымбет нөкерлерімен ертеңгі асқа отырған еді. «Бұл не айқай?» деп Жанқожаның тума немере құрдасы Бекбауылдан сұрайды. Бекбауыл сонда «Oh, көк қабан келген екен ғой» дейді. «Көк қабан» деген сөзі Жанқожа мен жасы құрдас болғандықтан, сүйіп қойған аты көрінеді.

Жанқожаның таң-азандағы дауысы, отырған адамның барлығын титіретеді. Айымбет те ер көрінеді, қасқа арғымағын міниіп, Жанқожаға қарсы жүре береді. Кенеттен екеуі кездеседі. Жанқожа найзамен шаншып тастап, аттан аударып тастайды да, үстіне міниіп алып бауыздап: «Ақмырза ағама тие берсін!» деп қанын ішеді.

Жанқожа Айымбеттің қанын ішіп жатқанда, қасындағы он сегіз көкжал ауылға шабады. Ылғи сұлу қызды құшақтап жатқан Айымбеттің нөкер сарттарын қыра бастайды. Бұл соғыста Жанқожаның баласы Итжемес он сегіз сартты өлтіреді. Сөйтіп бұларды бағындырып алады. Тұтқында ұсталып отырған қыз-келіншектерге бостаншылық етеді. Дүние, мал-мүліктерін шашау шығармай иелеріне қайтарыс жасайды. Сөйтіп, «Жыңғылды ойдағы» Айымбеттің жинаған қолын қырып,

быт-шытын шығарып, Айымбетті өлтіріп, ісіне сәтін келтіріп, Жанқожа қасындағы он сегіз көкжалмен Сыр бойына қарай ат маңдайын қояды.

VIII. Райымдағы соғыс

Жанқожа Айымбетті өлтіріп, оның сән-салтанатқа тіккен үш жүз үйін олжалап, қазақ халқының қызкеліншектеріне бостаншылық еткеннен кейін, Бабажан сарттың қаласын шабуға, Арал теңізінің шығыс бетімен Сыр бойына аттанады. Бұл кездерде осы күнгі «Қамыстыбас» станциясының батысындағы Райым тауына Бабажан хан қала салдырған болатын. Жанқожа жолшыбай Райымға соғады. Бабажан Райым тауына әскер-қол төккен еді. Бұл маңдағы қазақтар Бабажанның барлық жарлықтарын орындап отырған. Ханға қарсылық етуге ешкімнің құқы болмаған.

Жанқожа келе жатып, жолдастарына айтады: «Иә, ерлерім сыналар күндерің болды. Мақсат сол – Райымдағы Бабажанның салған қаласын шабу керек, аянбай қимылдаңдар, жігіттерім!» – дейді.

Күн сәскеге келгенде Райымдағы Бабажанның қаласын көреді. Осы жерге Жанқожа ат-тұрманын түзеп, қаруларын сайлап алады. Сөйтіп ат қояды қалаға. Дайындалып тұрған Бабажанның әскер, нөкерлері, Жанқожаға қарай мылтықты қардай жаудырады. Жауға кірер жерде Жанқожа нөкерлеріне ұрандап, рух беріп былай дейді:

«Ардақты туған ерлерім –
Жаулы жерге келгенде,
Жалғызбын деп жасқанба.
Ер қаруы – бес қару,
Шаба алмай жүрме сасқанда.
Ажалың болса өлерсің,
Жаудан қорқып қашқанда.
Аманат жанын алады,
Жеті қат жердің астында,
Тас бүркеніп жатсаң да.
Жақындадық қалаға,
Сайлап ал қару-жарақты,
Жігіттерім, шапшаңда.
Көптеп қорқып, қорынып
Бір-біріңді тастама!» –

дегендей қасындағы ерген жігіттеріне рух беріп, шаттандырады, жігерлерін тасытады.

Соғыс тоғыз күнге созылады. Оныншы күні Бабажан салған қаладан әскерлерді Жанқожа айдап шығады. Қаланы бұзады, қасындағы он сегіз жолдасының тоғызы жаралы болады. Бабажанның Райымдағы жинаған мың жеті жүз нөкерінен алты жүздей адам аман құтылып, қаланы тастап, Жанкенттегі Бабажанға қашып кетеді. Жанкент деген қала осы күні Қазалының батыс бетінде 15 шақырым жерде, қала жойылып, орыны қалған. Бұл соғыста Қарасақал Дабыл батыр, Құлтас Жақып батыр, өз баласы Итжемес батырлар елеулі-елеулі ерлік істер көрсетеді.

Сонымен Жанқожа Райымның қаласын алып, олжадан түскен малмүліктерді сол маңдағы халықтарға бөліп береді. Өзі ешнәрсе алмайды. Райымды босатып, Жанқожа өзінің туған жері Ақирекке келеді. Осында жатып, Кіші жүздегі Әлім, Шөмен балаларына хабар айтады «Бабажан ханға қарсы соғысамын» деп.

IX. Әлім-Шөмен батырларының жиналуы

Жанқожа батырдың Қырдан (Арқадан) келгендігін және ағасы Ақмырзаның қанын алып, Айымбетті өлтіргенін, Райым қаласын алғанын, сонымен қатар, «Бабажанға қарсы соғысамын» деген хабарын Кіші жүздегі барлық Әлім, Шөмен батырлары, не бары мың төрт жүз адам жиналып келеді. Бұлардың ішінде қаракесек руынан Ақтан, қарасақал руынан Дабыл батыр, құрманай руынан – Айдарқұл батыр, құлтас руынан – Жақып батыр, қаракесек Арынғазы батырлар бар. Кіші жүздің барлық батыр билері Ақирек тауының ұлтанында жиналады. Бұл мәселиханқа Жанқожа (халыққа) шығып сөйлеп, былай дейді:

Жиналып келдің, елдерім,
Атақты өңкей ерлерім.
Үзеңгілес жолдастар,
Қатар-құрбы теңдерім.
Бабажан сарт хан болып,
Биледі қазақ елдерін.
Салық салып шөп ауыз,
Қоныс қылды мекендеп,
Қазақтың мынау жерлерін.
Озбырлығын есітіп,
Бабажан сынды ханына,
Соғысуға келгенім.
Халық үшін намысқа,
Қазам жетсе, өлгенім.
Шыдай алмай қорлыққа,
Жете алмай жолда шөлдедім.
Жолым болса деймін мен
Бұл сапарда еңбегім.
Біршілік болса, ай, ерлер,
Оңай сартты жеңбегім.
Наказ алып патшадан,
Бабажан салды салықты.
Бүлдірді қойдай шулатып,
Тыныш жатқан халықты.
Бұл азаппен жүргенде
Көрерміз қалай жарықты?
Басқарудың кемінен
Ыдырап қазақ азықты.
Көшпенді болып әр жерде,
Жол таба алмай тарықты.
Бабажанды өлтірсек,
Болмаспыз сірә, жазықты.
Хандығын жойып патшаның,
Өзгертейік қалыпты.
Игілікті іс болсын,
Қалғандай атақ тарихты, – дейді.

Сонда жиналған адамдардың ішінен Кіші жүз билері шығып сөйлеп: «Жанқожа батырдың бұл айтып отырғаны өте орынды, ар-намысымыз үшін Бабажанға қарсы соғысты жүргізейік» дейді. Жәкеннің сөзі және билердің сөзінен бүкіл халық рухтанып, «Бабажанға соғысуға дайынбыз» деп шулап қоя береді.

Міне, мұнан кейін, Әлім, Шөмен ерлері, бастығы Жанқожа Нұрымбетұлы болып, Жанкент хандығын басқарып отырған Бабажан сарттың қаласын бұзып шабуға тегісінен мың төрт жүз адам аттанды, бұл 1833 жыл еді, осы кезде Жанқожа елу тоғыз жаста еді.

X. Батырдың Бабажанмен соғысы

Ресей патшасының кезінде Сыр бойында Қазалының күнбатыс беткейінде Жанкент қаласында Бабажан сарт хандық құрады. Міне, осыған қарсы Жанқожа мың төрт жүз адам қол ертіп, соғыс ашады. Бұл соғыс он төрт күнге созылады. Оның себебі, Бабажан қаланың сыртынан ор қаздырып және сексеуілден қоз, шоқ жайып, жақындаған адамға шоқ, от лақтырып жолатпаған. Ол кезде күшті қарудың ең үлкен түрі – білтелі мылтық, айбалта, қарағай сапты найза, қылыш болған.

Төртінші күні «құдіретті» күшті дауыл, жаңбыр болып, Бабажанның қоз, шоқ оттары сөніп қалғасын Жанқожа бастаған қол қорғанға кіріп, қаланы бұзады. Жоғары айтқан «құдіретті желді» дауыл жаңбырды «Ақтан батырдың дауылы» деп те атайды.

Соғыста қырғын көп болады. Ат бауырынан қан кешіледі. Бұнда, Бабажан қаласын бұзған Жанқожа болғандықтан, «Жанқожалап» ұрандайды. Ұранды шақыратын – Ақтан батыр. Соғыс нәтижесінде Жанқожа Бабажанды жеңіп, қаласын бұзады. Оны ұстап алып, қазаққа істеген қорлығы үшін аяусыз жазалайды. Қашан өлгенінше «қыйзыңқыйзың» деумен кетеді.

Бабажан хан болып тұрғанда, қазаққа көрсетпеген қорлығы қалмаған. Бір сөзбен айтқанда, Жанқожа батыр Бабажан хандығын жойып, Сыр бойындағы қазақ халқын бостандыққа шығарып, зорлық-зомбылық, хандық құлдығынан құтқарды. Жанқожа батырдың Бабажанды алғандығы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз халықтарына тегіс жайылады.

XI. Жанқожаның Созақты алуы

Жанқожа батыр Сыр бойындағы хандықты жойып, халықты бостаншылыққа бастады, қазақ бұрынғыдай алым-салық төлемейтін болды. Жанқожаға халық қатты сенді. Оның маңына бұрынғыдан да әрі топтана түсті. Соғыста тәжірибе алған Жанқожа қару-жарақты түзетті. Қолнөкерлердің санын арттырды, жанжаққа көз салды. Сол кезде Түркістан тұсындағы, Созақ қаласында Мадраим деген хан болған. Ол да қазақ халқына сондай зұлымдық, зорлық-зомбылық істеген. Жанқожа батыр Созақты шабу үшін, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің елдеріне Кенесары-Наурызбайға, Көтібар, Есетке, т.б. батырларға хабар береді.

Бабажан ханның жойылғандығын, өлгенін естіген Созақ ханы Мадраим қол, нөкер жинап, Жанқожаға соғыс ашу үшін дайындық жұмысын жүргізе береді. Бірақ, Орта жүз, Ұлы жүз, Кіші жүз елдері Созаққа соғыс ашады дегенді естиді де, бекініс жасап жата береді.

Сонымен үш жүздің батырлары Созаққа көп қолмен аттаныс жасайды. Жанқожа батыр небәрі екі мың адам болып бұлар да аттанады. Жанқожадан басқа халық аузында жүрген атақты ерлер – Дабыл, Айдарқұл, Жақып, Бекбауыл, Ақтан, Сартай, Балпан, Итжемес, т.б. батырлар да болады.

Жанқожадан бұрын Созақты алу үшін Ұлы жүз, Орта жүздің батырлары бір ай бұрын қамап, ала алмай жатады.

Созақ соғысында Үш жүздің батырлары бас қосады. Жыраулардан Жанқожаның жырауы – Төремұрат, Кенесары ханның жырауы Доғалақ та болады.

Әуелгі кезек Ұлы жүзге беріледі. Он жеті соғыс жасап ала алмайды. Екінші кезек Орта жүз батырларына беріледі. Он бес күн соғысып, бұлар да ала алмайды. Үшінші кезекті Кіші жүздің батырлары Жанқожа Нұрымбетұлына береді.

Сонда Жанқожа батырдың жырауы – жасы жиырмадағы Төремұрат қолына домбырасын алып, Кіші жүздің батырларына былай дейді.

Ұлы жүздің ерлері,
Орта жүздің ерлері
Шапты Созақ қамалға.
Қаласын бұзып, быт-шыт қып,
Саламыз деп табанға.
Бақыттаспыз, тілектес,
Бұзылсын деп – қамалға.
Күш-қайрат етіп шапса да,
Бұза алмады қамалды,
Келмегесін амалға.
Үшінші кезек берілді,
Қамданыңдар ерлерім,
Болмай ұқсап шабанға.
Намыс үшін, ар үшін,
Қамалды бұзып шығуға.
Қылыштай болып жаланда.
Бұза алмаған – Созақты,
Олар ер ме, – адам ба?
Бұзып шықсаң қамалды,
Тарихта ат қалады,
Болашақтағы адамға.
Үшінші рет сынамақ,
Кіші жүздің ерлерін.
Осы сапар шығады,
Қиналып ашы терлерің.
Ұмтыл бәрің қамалға.
Қабырғасын қиратып,
Қорғанның бұзып белдерін.
Ұйымдасып, бірігіп,
Күшті жұмса, беклерім!
Тұрсыңдар ма біліп сіз
Кезекті мынау бергенін,

– дей бергенде Жанқожа «Көк ешкі» атпен қасында Ақтан батыр ту ұстап: «Ал, жігіттер, ұмтылыңдар алға!» деп Кіші жүздің ерлеріне ұран ашып, ілгері қарай шаба жөнеледі.

Сол мезгілде Кіші жүздің батырлары қаланың қорғанын бұзу үшін барлығы да ат қояды, «Жанқожа!» деген ұран жерді жарып, аспанды жаңғыртқандай болады.

Екі күн өтіп, үшінші күні сәскеде Жанқожа қақпаның топсасын қиып, ішке кіреді. Артынша Ұлы жүз, Орта жүз батырлары да келіп соғысады.

Сонымен Жанқожа Созақты алып қайтады. Соғыстан кейін қаракесек Ақтан, Арынғазы батырмен құшақтасып дос болады. Түскен олжаны халыққа бөліп береді. Бұл соғыс 1838 жылы болып, халықты азат етеді.

XII. Жанқожаның Қазалы үшін патша әскерімен соғысы

Жанқожа Созақты алып қайтқаннан кейін Сыр бойына келіп Бекмырза дегенді (Алтынбай руынан) хан қояды. Бірақ, елден салық алдырмайды, халықты өз бетінше қояды.

Созақты алғанда Жанқожаның даңқы бүкіл елге үш жүзге жайылады. Сонымен қатар Сыр бойындағы Бабажан хандығын және Созақ хандығын жойғанын естіп Николай патша Жанқожаға жеті рет бағалы сыйлықтар жібереді. Әдейі адамымен «бізге бағынасың» деп. Бірақ патшаның сыйлықтарын алмай, қайтарып жібереді. «Мен патшаға бағынбаймын, айта бар», – дейді.

Патша Сыр бойының ханы Бекмырзаны «Жанқожамен байланысы бар» деп у беріп өлтіртеді. Сонымен қатар қазақ халқынан алым-салықты көп алу жөнінде заң шығарады. Бірақ алым-салықты Жанқожа бергізбейді.

Николай патша әскер жинап, қол төгіп, осы күнгі Қазалыны салдыртпақшы болады. Бұған Жанқожа қарсы соғысуға нөкерлерін жинай бастайды.

Сонымен патшаға көтеріліс жасайды. «Қазалының қаласын салдырмаймын» деп жинаған екі жүз қолмен ұрысады. Жеті күн өтіп, сегізінші күнде патшаның әскерін қырып, қаладан айдап шыққан. Дегенмен, ортада жалғыз өзі қалады, атына оқ тиеді. Қаракесек Арынғазы батыр атының алдын беріп, мінгестіріп шығады, Арынғазының жауырынынан солдаттар найзалап жарақаттандырады.

Сөйтіп, тұрғанда ту ұстаған Асан руынан Аралбай деген патшадан пара алғандықтан, «жау алды» деп кейін қарай қашады. Сондықтан, Жанқожаның жинаған қолы қажыры қайтып, амалсыздан кейін шегініс табады.

Жанқожа дәл осы патшамен ұрыста сексен бес жасында еді.

XIII. Жанқожаның Бұхар тауына кетуі

Патша үкіметінің солдатынан таяқ жеген Жанқожа және түрткі көргендіктен Сыр бойына тұрақтай алмай, Бұхар тауына көшіп кетеді. Сонда бес-алты ай жүргеннен кейін қайтадан Сыр бойын беттей Қызылға қарай көше бастайды. Оған мынадай дәлелдер болады: Қасында Ақтан деген батыр бар. Бір ақ үйге келіп түседі. Бұлардың кім екенін үй иесі білмейді. Қонақ дәстүрінше бұларды сыйлап, құрмет етеді. Шай, тамақ істеп жатып бір орта бойлы әдеміше әйел тұрып: «Қонақтар, патша мен Жанқожа деген батыр ұрысып жатыр деп еді, біз Жанқожаның жеңгеніне тілектеспіз. Жанқожа үшін баламызды құрбандыққа айтып отырмыз», – дегенде, Жанқожа дайындалып жатқан тамаққа қарамай, үйден шығып атына мініп жүре беріпті. Келе жатып қасындағы Ақтанға: «Бір қорғасын бұйырмады» деп батыр налыпты. «Бір қорғасын бұйырмады» дегені патшамен ұрысқанда өлмедім дегені. Көп ұзамай Арал теңізінің күнбатыс беткейіндегі «Ұзынқайыр» деген жерге Қызылға көшіп келеді, сонда мекен етеді.

XIV. Жанқожаның өлімі

Жанқожа жағынан Жұмабай деген батыр ертеректе ерегіспен Байқадам деген батырды өлтіреді.

Сонан Байқадамның кегін алу үшін үш жүз адам Жанқожаға аттанады. Жанқожаның жалғыз отырғанын (Қызылда) біледі. Күн сәске бола бергенде Жанқожаның ауылының үстінен құлайды. «Батыр-ай», – дейді бәйбішесі Базар. «Көп аттылы келе жатыр, айқайлап ұран салады. Жау ма әлде?» дейді. Жанқожа сонда: «Апырмай, маған жау болатындай мен қазақ не мұсылман баласына еш жазығым жоқ еді ғой», – дейді...

«Бәйбіше-ай, еткен еңбек еш болды, ақ жазуын көрерміз. Атты әкелші» – дейді Жанқожа. «Көк ешкі» атты екі қырдың астында бекітіп қойған еді, ұрандап келе жатқан әскер алдымен атты басып қалады.

«Ендеше, бәйбіше, сауытымды кигіз», – дейді. Бәйбішесі сауытты кигізеді. Жанқожа ашуланып, сауытына сыймай, сондықтан тамағындағы бір ілгегі жетпей салынбай қалады.

Сонымен жау басып қалады. Жанқожа жаяу болса да түс қайтқанша ұрысып, алдырмайды. Бірақ, осы жерде ағайындарға көп сөз айтады. Өзінің барлық өмірін кім үшін сарп еткенін айтады.

Батырды баяғы ілгегі салынбаған жерден атады. Оқ өтіп кетеді, бірақ құламайды, сартша тізесін жүгініп отырады. Маңына күн батқанша ешкім бара алмайды, «Жанқожа тірі отыр» деп қорқады. Алыстан төрт найзаны жалғап түртіп көріп, өлгенін біліп, сонан соң үйіндегі бала-шағаларын шулатып алып қайтады. Бұл кезде Жолшы Жанқожаұлы он үш жаста екен. Көштің артынан Жауқашар, Итжемес қуып, көшті алып қайтады.

Міне, Жанқожа бұл кезде сексен алтыда екен, өліп кетеді.

XV. Байқазақтың Жанқожаның кегін алуы

Жанқожа өлгеннен кейін, оның қанын жоқтайтын Әлімде батыр қалмады. Сондықтан Төртқара руынан Байқазақ деген батыр аттанады. Барып Сауқымды және серіктері мен үш батырды өлтіреді.

Сауқымды өлтірейін деп жатқанда араға оның жақындары, тумалары түсіп, Байқазаққа айтады: «Сауқым ауылдың ортасындағы жалғызы еді, ауылымыз қаңырап қалады ғой, оның орнына мені өлтір» деп Сарман деген өтінеді. Сонда Байқазақ ашуланып: «Өзің де тірі болмайсың, Сауқым өліп, үш ауыл қаңырайтын болса, Жанқожа өлгенде алты Әлім қаңырап қалды!» деп, Сауқымды бауыздап, «Жанқожаға тие берсін!» деп, Сарманды да өлтіреді.

Сонымен Жанқожаның кегін Төртқара Байқазақ батыр алады.

XVI. Жанқожа өлгенде және онан кейін

Жанқожа өлгенде алты Әлімнің балаларынан, қала берді Кіші жүздіктердің қайғырмағаны, жыламағаны болмады. Жанқожаның бейіті сүйегі «Ұзынқайыр» деген промыселдің (Арал теңізінің батыс жағына) қасында Жаңадарияның аяғы – Қызылдың шегіне қойылады.

Жанқожа өлгесін патша үкіметі оның суретін нысана етіп, солдаттарына атқызатын болған. Кешегі совет үкіметі құрылғанға дейін Жанқожаның суретін Николай патшасы атқызып жататын Қазалыдағы адамдардың мұны барлығы біледі. Жанқожа өлгенінше патша үкіметіне бағынбастан, аяғында патша шабармандарының қолынан өліп кетеді.

Жанқожа өлсе де, оның қазақ халқы үшін еңбегі, даңқты есімі осы кезге дейін аталып келеді.

XVII. Жанқожаның әдет-ғұрыптары

Жанқожа өмірінше дән баласын (бидай, арпа, тары, т.б.) жемейді. Оның орнынан құмда «құмаршақ» деген дақылмен және құмның жуа, көсік, илан, кәрегеней жеген. Бидай, арпа, тарыны жемеуінің мәнісі онда адамның еңбегі бар, оны жеуге болмайды дейді. Мұндағы мақсаты – өзінің еңбек етіп, еккен егіні болмағасын мойнына қарыз болады дегені. Жанқожа мал-мүлік, дүниеге қызықпаған адам болған.

Жанқожа төртбақ, орта бойлы, шарты келген ет бетті, ат жақты, қалың қабақ, айна көз, сұрғылт бет, қара сұр, ұзын сақалды кісі еді. Арқасында желкесінен құйрығына дейін жалы бар еді, – жауырыны қақпақтай үстіне түйе жүн шекпені (шекпен ішінен сауыт киіп, белдемше тағатын) басына қара далбай немесе тымақ киетін. Аяғына етік, беліне кісе буатын-ды. Садақ, найза, қылыш, семсері қайда жүрсін тұла бойынан қалмайтын.

Жанқожа өз заманында зор атақты – сыбызғышы, қобызшы болған, сонымен қатар сөзге тілгер, шешен болған. Тартқан сыбызғысы мен қобызының дауысы түстік жерге естілетін. Бес қару (найза, қылыш, қанжар) қобыз, сыбызғыны өзі істеп ала беретін шебер де болған.

Өз заманындағы қатар-құрбы, теңдес замандастары Жәкеңе келіп қобыз, сыбызғы тартқызатын болған. Осы кезге дейін – Жәкеңнің картайған кезінде: қазақ халқының әрмен-бермен көшіп тұрақтамай, бастары ыдырап жүргеніне арнап қобызбен, сыбызғымен «Қайран елім қайтейін, қайран жерім қайтейін» деген күйі ауыл арасында тартылып жүр. Жанқожа үгітші, сөзі жалынды, халықты ұйымдастырушы болған, адамды тең көреді. Және қоғамшыл болған. Тапқан табысын ортаға салып жарлы-жақыбайларға бөліп беріп отырған.

Жанқожа омыраушыл-төрешіл екінші жағынан би де болып кетеді. Істі әділетті түрде шешетін болған.

Соғысқа шыққан уақытта да, былайынша айтқанда, ұйқысы өте-мөте жоқ болады. Екінші сөзбен айтқанда, қазақ әдетінше, «құс ұйқы» деп атайды. Құс ұйқының мәнісі – жүріп келе жатқанда немесе отырғанда да көзі екі-үш минут ілініп кетсе, ұйқысы қанып қалады. Міне, Жәкеңде осы пішін болатын.

Жанқожа еріншектікті сүймейтін, ылбырап-сылбырап жүретінді жек көретін. Әңгімені ашып, түсінікті, ашық дауыспен анық айтатын. Жанқожада өте батыл, қорку, қаймығу, қапалану, уайымдау деген мінез болмаған. Қаптаған жауға араласқанда немесе жаудың қарасы көрінгенде өзіне біртүрлі күш-қайрат пайда болып, арқасы қызып, балқып жауға араласқанын білмей де қалатын.

Жанқожа сондай – қылышқа да, найзаға да жылдам өте ұсынықты адам, атқа сондай отырғыш, ат шауып келе жатқанда аттың о жағы мен бұ жағына аударылып отыра беретін-ді.

Жанқожа Арқаның сары даласында жүргенде Қырдың алтай-түлкісі мен ақ бөкен, киігіне алғыр бүркіт пен жүйрік құмай тазыны қосып, сейілдік құратын қызық дәуірді де сүрген. Бүркіт пен құмай тазының тілін жақсы білген.

Жанқожаның беделі

Жанқожа халық арасында беделді болады. Ол өлгеннен кейін де Сырдағы халық қатты құрметтеп, халық Жанқожаны әулие деп атаған. Жанқожа де деп атаудың орнына «Ер Жәкең» деп атайды. Осы күнге дейін арасында мынадай жағдайлар қолданып келеді. Мысалы, күн алатын немесе адам өлген жерде, даулы жерде «Жанқожаның жалғыз оғына» тұратын болған.

«Жанқожаның жалғыз оғы атсын» десе, денелері түршігеді. Оны Сыр бойының халықтары қатты сыйлайды. Ешкімнің тілі тимейді. Жанқожаның жолына деп құдай жолы істейтін болған.

Бір сөзбен айтқанда, Жанқожа қазақ халқының бостаншылығы үшін сексен алты жас өмірін өткізеді. Жанқожа 1774 жылы туып, 1860 жылы өмірден өтеді.

Жанқожаның ұрпақтары

Нұрымбетұлы Жанқожадан екі бала туады. Үлкені – Итжемес, сонан соңғысы – Жолшы батыр. Итжемес жетпіс жеті жасында өледі. Жолшы 1841 жылы туып, 1929 жылы сексен сегіз жасында Арал теңізінің күншығыс бетінде Қоңыр деген құдықтың қасында қайтыс болды. Жолшы батырдың сүйегі Арал ауданы, он тоғызыншы ауылға қарасты станция – Бекбауылдың қасында (күнбатыс беткейінде) «Қара дүзгенге» қойылды. Оған ескерткіш, мұнара, сағана салынған. Итжеместен екі бала туады: Айтуған, Ерғабыл деген. Айтуғаннан бес бала туады: Ақау, Күреген, Келім, Шынжырбай, Жалғасбай. Ақау 1910 жылы, Күреген 1916 жылы, Келім 1939 жылы, Шынжырбай 1934 жылы қайтыс болады. Жалғасбай қазірде тірі, Арал ауданы он тоғызыншы ауылда (Киров) колхозшы болып істейді. Келімнен екі бала туады: Қолаш, Әбубәкір. Қолаш – 1941 жылы армияда, Әбубәкір 1940 жылы өледі. Күрегеннен бір бала туады. Аты Қобылан қазірде ол Қазалы ауданы 3-ауылдық советіне қарасты Қаттықөл орталау мектебінде оқытушы болып істейді.

Шынжырбайдан бір қыз туады. Аты – Күлжиһан. Ерғабылдан екі бала туады – Жақсылық, Елдеш. Елдештен бір қыз, Ерғабылдан екі бала Өмірбай, Өмірзақ туады. Бұл екеуі Қазалы станциясында тұрады.

Жанқожа халық үшін қала берді, қазақ халқының ұлт бостандығы үшін күрес жолында жан-тәнімен берілген халық батыры болса, онан туған бала Итжемес, Жолшы да ата жолын қуып Бұқар, Жанкент хандығына қарсы халықтық қозғалысқа қатынасады. Қазақта батыр деген сөз жалпылама атала бермейді. Тарихта өз Отаны үшін, өз халқы үшін дұшпанға қарсы күрес жүргізген үлгілі ерлік көрсеткен адамдарды «батыр» деп атаған.

Жанқожаұлы Итжемес ауыл және мал шаруашылығын кәсіп еткен. Негізгі мекені Қазалының күнбатыс арқа беткейіндегі Ақирек тауының алабы болады. Итжеместің әкесі Жанқожаның барлық мінездері және жұмыс үлгілері, ақылдылығы, сөз тапқырлығы айнымайтын еді. Ол ұзын бойлы, қапсағай, қызыл шырайлы әдемі кісі болған. Сақалы ұзын болғандықтан өріп қоятын-ды. Итжемес сондай мәдениетті адам болған. Аттың түр-түрін ұстаған. Аттың түрлеріне қарай соған сәйкес киім киген. Мысалы, ақбоз ат мінсе – ақ, қара ат мінсе – қара, қызыл ат мінсе, қызыл киім киетін болған. «Атадан бала туса игі еді, атаның жолын қуса игі еді» деген сияқты ол да әкесі Жанқожаның жолын қуады.

Итжемес сөзге шешен, тілмәр кісі, екінші жағынан қоғамшыл, халыққа бауырмал, орамды, ұсынақты болған. Халық арасында дау-шар болса, соларды әділетті түрде бітіріп отырған. Істі әділ шешкендіктен, халық оны Жанқожаның баласы деп те және былайша да қатты құрметтеген. Итжемес әкесі Жанқожамен бірге талай-талай өзекті, ірі соғыстарға қатынасады. Созақ соғысында, Райым, Қазалы маңындағы Жанкент соғысында елеулі-елеулі ерлік көрсетті. Бабажан сарттың он төрт батырын өлтіреді, соғыста екі рет жаралы болады. Әкесі Жанқожадан үлгі алып, өз бетінше қол ертіп қарсылық еткен жауына аттанатын болған. Жиырма екі жасында қасына тума ағасы Жауқашарды, Құрманай Айдарқұл батырды барлығы он адамды ертіп барып Ақмешіттен Жанқожаның бодауына деп 300 қызыл бас нарды алып қайтты. Алып келгенін жарлы-жақыбайларға тегісінен бөліп беріп, малды етеді.

Жолшы Жанқожаұлы да әртүрлі жорықтарға қатынасады. Ол 1841 жылы туып, 1929 жылы дүние салды.

№110-111 (19788-19789) 27 шілде, сенбі 2019 жыл

«Қармыста» туған қаламгер

Алдымда Арал теңізінің 1957 жылы одақ астанасы Мәскеуде басылып шыққан, етек-жеңі далиған, бүктей-бүктей сілікпесі шыққан ескі атлас картасы. О кездері ақжал толқындары жағалауды ұрып жататын алып айдынның қазіргі кезде күш-қуаты қайтып, жүз шақырымдай алысқа шегінген табанын Кіші Арал суы шайып жатыр...

Картаға үңіліп осы теңіздің о шеті мен бұ шетіндегі шағын аралдарды саусағымның ұшымен жағалап іздеп отырмын. Міне, Арал теңізіндегі шағын аралдар иненің жасуындай кішкентай нүктелермен белгіленіпті. Сол нүктелерден «Көкарал» түбегін тауып, жанжағын бір мая шөпке түскен инесін іздеген адамдай көзімді айырмай тінтіп, бұрынғы «Ауан» елді мекенінің тұсына келдім. Бұл қиялгер жазушы Абдул-Хамид Мархабаевтың кіндік қаны тамған ата жұрты. Онан әріде Ақбасты... Онан әріде бір шеті Ақтөбе облысына ұласқан, Ұлықұм, Кішіқұмға кірігіп кеткен Құланды түбегі. Бұл енді әлемге әйгілі қаламгер Нұрпейісов Әбдіжәміл ағамыздың дүние-ғаламды сүбелі дүниелерімен дүрілдеткен кішкентай ауыл.

Ал үстіміздегі жылы сексен жастың сеңгіріне аяңдаған белгілі журналист-жазушы Айжарық Сәдібекұлының балалық іздері де сол Арал теңізінің алқаракөк айдынына тұмсығын тығып жатқан «Қармыс» дейтін шағын балықшылар ауылында қалған. Осы елді мекенде байырғы балықшының отбасында дүниеге келген шекесі торсықтай ұлдың шілдеханасына жиналған ауылдың үлкен кісілері Сыражадин есімін еншілепті.

Алайда, екі-үш күн жолаушылап кетіп ауылға келген әкесінің ағасына бұл есім ұнамаған көрінеді. Үлкендерді дастархан басына қайта жинап: «Ау, бұл бала Ай туып, айнала жап-жарық болып тұрғанда дүние есігін ашқан жоқ па?» деп жөргегінде жатқан сәбидің құлағына үш қайтара «Сенің атың Айжарық» деп айқайлапты.

Сол Айжарық ауылда жетіжылдықты, Ауанда орта мектепті ойдағыдай аяқтағасын арада 4 жыл өткенде Қызылорда пединститутының филология факультетіне оқуға түседі. Бұл саланы таңдауға оған меніңше классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Курляндия» романының кәдімгідей әсері болған сияқты. Өйткені, сонау қырқыншы жылдардың соңына қарай шағын ауылдың үлкен-кішісі балықшы әкесінің қоржын тамына кеш түсе жиналып, әлгі романды бала Айжарыққа оқытады екен. Сонда, Көкаралдың шалдары сол жазушы шығармасындағы Есей, Баян есімді кейіпкерлерін біразға дейін естеріне түсіре алмай бастарын қатырып отыратын. Жетілік шамның жартымсыз жарығы астында етпеттей жатып «Курляндияны» оқып жатқан бала Айжарықты кідіртіп қойып: «Әй, бұл төңіректе Есей деген жігіт, Баян деген қыз болған жоқ сияқты еді ғой. Сонда, бұл кім болды екен» деп, бір-біріне сұраулы жүзбен қарап, әркім әртүрлі жорамал айтып, дабырласып қалатын. Бұл Есей мен Баянның көркем шығарманың кейіпкерлері екенін көмейінен жүрегі көрінетін, аңқылдағанда алдына жан салмайтын аққөңіл ауыл адамдары қайдан білсін.

Сөйтіп отырғанда бала Айжарықтың кірпіктері айқасып, көздері жұмылып кететін. Сол адамдар кейін Көкаралдан ірге көтеріп, тұс-тұсқа қоныс аударғалы қай заман. Сол ағайындардың бірқатары Айжарық ағамыз дүниеге әлі келмеген кезде әртүрлі себептермен шекаралас елдерге жер ауып кеткен еді. Солардың бірі Айжекең орта мектепті бітірген жылы Көкаралға қыдырып келген көрінеді. Ресейдегі Магнитагорскіден әкесі мен шешесі орыс орта мектебін бітірген қызымен келген. Кілең көк көздердің ортасында оқыған қыз шалалау болып бойжеткен екен. Ата-ананың ниеті ағайындармен құдаласу болған көрінеді. Бірақ Көкаралдың бойдақтары қызбен еркін тілдесе алмады. Сол қыз сол жолы Алматыға барып мединститутқа қабылданыпты. Айтқымыз келгені, болашақ жазушы осындай ортада түлеген еді.

Ол уақытта аудан орталығы Арал қаласына теңіз қолтығының тұрғындары тек ұшан теңіз арқылы кемемен жетуші еді. Кейінірек қой «Ан-2» ұшағының қатынай бастағаны.

***

Айжекең 1968-жылдан бері Қызылорда қаласында тұрып жатыр. Алғашқы тырнақалды дүниелерінен бастап осы күнге дейін жазған-сызғандары Сыр бойындағы осы қалада жазылып, жарық көріп келеді.

Институт қабырғасында оқып жүрген әуелгі жылдары филология-тарих ғылымымен айналысуды армандаған Айжекеңнің қаламынан «Әлімнің әжесі» деген тұңғыш әңгімесі облыстық газетте 1962 жылы жарияланса, қоғам қайраткері Жүсіпбек Арыстанбековтың «Жалынды жүрек» хикаяты туралы жазып көрген алғашқы рецензиясы да сол жылы «Қазақ әдебиеті» басылымында, ал «Асуда» деген алғашқы очеркі 1963 жылы өлкелік «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарық көрген.

– Жазушы болу өмір бойы жазу, іздену, оқу, – дейді Айжекең. – Менің туған ауылым Көкаралда алғашқы оқыған кітабым Әбдіжәміл ағамыздың «Курляндия» романы болса, кейін қазақ, орыс және шетелдік классиктердің шығармаларын үлгергенімше оқып зерделедім. Бірақ қанша ізденіп оқысам да, оқудың түбіне жете алмадым. Оқығандарымнан оқи алмағандарым жетіп-артылады. Қаламгерлердің ілгері-кейінгі жарық көрген шығармаларын үлгергенімше жата-жастана оқыдым және қолым қалт еткенде қайыра соғып оқып та жүрдім.

Расында әсіресе теңіз стихиясы, балықшылар тұрмысы туралы шығармаларды және төрткүл әлемге түгел аян болған классиктердің әдеби дүниелерін көзі ұйқыға кеткенше кеміретін. Әсіресе фантас жазушы Жюль-Верннің романын, Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» хикаясын, Иван Бунинннің теңіз табиғаты туралы әңгіме-хикаяттарын, қазақ әдебиетіндегі Әбу Сәрсенбаевтың, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, Зейнолла Шүкіровтің, Балтық теңізін жайлаған елдерден шыққан қаламгерлердің теңіз, оның жағалауындағы адамдардың тыныс-тіршілігі жайында жазғандарын қадағалап қайта-қайта оқитын. Бұны Айжекеңнің жаратылысына сіңген қасиеті десек те болады. Сондайда балықшы әкесінің қара қайығында ескекші болып еңбек жолын бастағаны еміс-еміс есіне түсіп, балалық шағына қайта оралатын.

Сонан да болар, Көкарал жеріндегі Қаратөс, Өндір, Сарша, Кәріжол сияқты жер атауларының шоқтығы Айжарық үшін басқа жерлердің Жерұйық, Жиделібайсынынан анағұрлым артық сезілетін көңіліне. Қызыл шұнақ аязды, ақ басқын боранды Аралдың қытымыр қысында көкше мұз мәрмәр тастай қат-қан кезінде Аралдан Көкаралға, Көкаралдан Аралға үкімет жұмысымен жүрген жолаушылар жарамды жылқыны жегіп, қашаубай шанамен қатынайтын. Екі ара әжептәуір жер. Бірақ жер апшысын қуырған ат шана азанда қаладан шыққан адамды кешкі күн қызылқұлақтана, кейде ымырт үйіріле Көкаралға жеткізуші еді. Осы суреттер оқта-текте еске түссе жаны жас, қолы қаламнан бір сәт босамаған, шау тартса да шалдықпаған ағамыздың жүрегіне мизам шуақтай себезгілейді.

Өзі аттай алпыс жылдан бері ажырамай келе жатқан «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған әдебиет мәселелері жөніндегі мақалаларға орай тұрақты түрде ой-пікірін әдеби ортада айтып, атсалысып келе жатқан аға қаламгердің есімі журналист ретінде де қарт Қаратау мен айдыны Аралдың арасын жайлаған қалың елге етене таныс. Алғашқы журналистік жолын Қармақшы, Жалағаш аудандық газеттерінен бастаған Айжекең 1971-1997 жылдардың аралығында Қызылорда облыстық «Сыр бойы» басылымына аға тілші, бөлім меңгерушісі және редколлегия мүшесі болып ұзақ уақыт қызмет атқарған. Жазушы әр жылдары жазған әдеби дүниелерінің басын зейнетке шыққан соң ғана құрап кітап етіп, оқырманына ұсына бастады. Мысалы, қаламгердің «Аққұмның ақ түндері», «Ашық мұхитқа шыққан алып», «Жұмыр жерде біз бармыз», «Шұғыла шуағы», «Дарияның тұмасынан жыр боратқан», «Парасат майданы», «Қараша үйдің келіні» тәрізді деректі және көркем әдеби дүниелері жарық көріпті. Олары шағын әңгімеден бастап көлемді хикаяттарына дейінгі баршасының оқырман оясынан шыққан сүбелі дүниелер. Ал, баспа тартпаларында және қолында уақытын күтіп жатқан әдеби қолжазбалары қаншама. Солардың қатарында «Өлермен өмір» романы, «Теңіз жайлаған ел» жинағы баспада кезегін күтіп жатыр.

– Менің кіндік қаным теңізге тұмсығын тығып жатқан «Қармыс» деген кішкентай ауылдың топырағына тамған, балдәурен балалық шағым ақ құмашықты осы жерде өтті ғой. Ауылда «Қармыстың моласы» деген көне бейіт болатын. Сірә, ауылдың атын осыған байланысты қойған болса керек. Қайдан білейік, ол кездері балықтан басқа ас жемеген, балықшыдан басқа адам көрмеген, аңыз-ертегілерді аузымыз аңқиып отырып тыңдайтын ауыл балаларына бәрі таңсық болушы еді ғой, – деп ағамыз артта қол бұлғап қалған алыс жылдарды ойша шолады.

Қаламгер Айжекең меніңше өзі өмір сүрген дәуірінің талғампаз тамыршысы болды. Қоғамымен бірге біте қайнасып ғұмыр кешті. Оның әр шығармасы өзі тіршілік еткен ортаның сөзіне сөз қосты. Уәжіне құлақ тосты. Солай болуға тиіс. Солай болып та келеді.

Біздің қазақ әдебиетінің қашаннан қарапайым еңбек адамдарының тұлғасын жырлауда, ұлы еңбекті насихаттауда ілгеріден қамшы салдырмай келе жатқаны оқырман қауымға аян. Осы орайда, қызылордалық прозашы Айжарық Сәдібекұлының «Жазғы демалыста» деген әңгімесі ойға оралады. Әңгіме желісі тартымды, махаббат жыры. Теңіз жағасындағы ауылда өрбиді.

Ал, автордың «Ректор» деген деректі әңгімесінде баяндалған Әділ Ермековты көрмесем де Жеткерген Қанатбаев есімді ұстазды мен жастау кезімде көрген болатынмын. Мейлінше қарапайым еді. Алматының жоғары оқу орынында оқып жүргенде Кеңес Одағының Батыры, осы институттың ректоры Мәлік Ғабдуллиннің тікелей қамқорлығына бөленген студент. Арал теңізінің ортасындағы Көкарал ауылының түлегі, мектепті күміс медальмен бітірген, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтың баласы.

Жазушы осы кейіпкерлерін мейлінше шынайы бейнелеген және соғыстан кейінгі аш-аламан кезеңнің ашы шындығын айқын аша білгендігімен тартымды. Жалпы, Айжарық Сәдібекұлы қазақ прозасында ауыл өмірін суреттеуде алдына қара салмаған қаламгерлермен үндес десем, артық айтқандығым болмас. Өйткені, әңгіме, хикаяттарының бәрі шынайы, оқырманына езу тартқызатын тұстары, диалог құрудағы сұңғылалығы айрықша көзге ұрып тұрады.

Біз есіктен еніп, табалдырықтан аттағанда «Ақ бота» атты кезекті әңгімесін жазып жатқан жазушы ағамыздың соңғы бір жылда мерзімді басылымдарда Арал теңізі тағдырына байланысты көлемді проблемалық мақалалар тізбегі баспасөз беттерінде жарияланды. Оларын оқып шыққанбыз.

Айжекең баспасөз саласында қырық жылдан астам уақыт тер төкті. Қаламынан әр жылдары жарық көрген мақалаочерктерінің негізгі тақырыбы – Арал теңізінің тағдыры және адам тағдыры. Тіпті, кезінде Ақтөбе-Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілші болып біраз жыл қызмет атқарып, қалам тербеген халықаралық «Түркістан» басылымының әр бетінде қаламгердің уақыт тынысын аңдатқан, осы өлкенің тыныс-тіршілігін тамыршыдай дөп басқан проблемалық мақалалары, очерктері жиі-жиі жарияланғаны есімізде. Қаламгер жалғыз ғана оңаша ой ойлап, жазу-сызумен ғана шұғылданған жоқ. Аймаққа қаламы қарымды азамат жазушы ретінде де танылып, қоғамдық өмірге де белсене атсалысқан тұлға.

Сонау тоқсаныншы жылдардағы «Невада-Семей» антиядролық қозғалыстың Қызылорда облысындағы ұйымын алғашқы ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы қозғалыстың мүшесі ретінде мерзімді басылымдарда батыл үн қосқан қаламгер Қазақстан Журналистерінің VIII съезіне қатысып қайтты. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, партия, Совет, кәсіподақ, комсомол органдары мен журналистер одағының мақтау грамоталарымен 16 мәрте, 4 мәрте мемлекеттік медальдармен, 2 рет жергілікті әкімдік пен мәслихаттың марапаттарына, Елбасының Алғыс хатына ие болған белгілі қаламгер Айжарық Сәдібекұлы екі рет «Қызылорда облысының үздік журналисі», облыс әкімінің екі мәрте стипендиаты, «Арал ауданының құрметті азаматы» болды.

Журналист-жазушының өмірлік ұстанымы – оқырман көңілінен шығатын көркем де шырайлы шығармалар туындату. Осы мақсатта ол ерінбей-жалықпай еңбек етіп келеді. Лайым, жасыңа жас қосылып, шығармашылықтың биік шыңына шыға бер деп тілейміз.

Сонымен бірге інілік ізетпен қаламы қарымды, жазғаны жалынды Айжарық ағамызға төмендегі бірер шумақ жырымызды сексеннің серкесі, ойлы сөздің өркеші атана берсін деген тілекпен ұсынамыз:

...Көзін ашып Қармыста,
Жүзді Аралда балықтай.
Жауһар сөзге болды ұста,
Жаза-жаза жалықпай.

Ойы терең теңіздей,
Он кітабы – олжасы.
Бейімбетпен егіздей,
Тынымбайдың жолдасы.

...Өскен жері Көкарал
Көшкен жері Сыр бойы.
Анасындай Аралы
Балықшымен бірге ойы...

Көсем сөзің дара боп,
Көркем сөзбен тең қылдың.
Бойында өстің бала боп,
Көкарал мен Қармыстың.

...Құмда адасқан арабтай,
Көрмегенің жоқ сенің.
Қыдыр көрген қонақтай,
Құтты болсын, 80-ің!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері.

Шынайы өмір келбеті

Айдынды шалқар Аралдың ақжал толқынымен жарыса жүзіп, талайдан бергі теңіз тағдырын, теңізде туғандардың тіршілік тамырын көзімен көріп, көңіліне түйіп өскен жазушы Айжарық Сәдібеков – шығармашылық дейтұғын шытырман әлемнен өз бағытын адаспай тапқан жан.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Қандай бір мадақ, марапатыңнан биік тұратын адами болмыс дейтін баға бар. Осы тұрғыдан келгенде, Айжарық ағамыз табиғаттың өзіне тартып туған, жан дүниесінде зәредей жалғандық жоқ, жаратылысы бөлек адам. Шығармашылық еңбектерінде өмір соқпағының өр-қырын өзіндік терең түйсінуімен тебірене баяндап, ондағы кейіпкерлері жайлы кеңінен көсіледі. Замандастарының, қаламдастарының бітім-болмысын, қадір-қасиетін, сол сияқты, қарапайым еңбек адамдарының күнделікті өмірін ешбір боямасыз, бүкпесіз, қаз-қалпында көз алдыңа әкеледі.

Өздеріңізге белгілі, биылғы мамыр айында облыс басшылығының қолдауымен жазушы Айжарық Сәдібековтың "Парасат майданы", "Жұмыр жерде біз бармыз" атты екі томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Атының өзі

айтып тұрғандай, автордың "Парасат майданы" кітабында ел тағдыры, туған жер тағдыры, қоғам келбетіндегі келісті де келеңсіз жайттар туралы толғаныстары, сонымен бірге, тарих пен таным, әдебиет пен мәдениет айналасындағы өресі биік, өнегесі мол деректі де дәйекті публицистикалық шығармалары жинақталған. Ал, "Жұмыр жерде біз бармыз" кітабында еңбек адамдарының ерекше құрметке лайық тіршілік тынысын тебіреніспен суреттейді. Дәлірек айтсақ, қазақы қалып, кеңпейіл, барға қанағат, жоққа сабыр етіп күнелтіп жатқан қарапайым жандардың жан-жүниесіне үңіліп, жаратылысынан жасампаздықты таниды. Таниды да тап сол әсерін тамаша күйінде оқырманға жеткізеді.

Жалпы, жан тазалығын, ар тазалығын биік тұтқан жазушы А.Сәдібеков шығармашылығының арқауы – жұмыр жердің бетіндегі шынайы өмір келбеті.

Салық – кез келген өркениетті мемлекеттің кіріс көзінің басты қаржылық құралы.

Салық қызметі ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қоса отырып, талай жаңаруды бастан кешті. Оның бір айқын мысалы, осыдан бес жыл бұрын ҚР Үкіметінің қаулысымен Кедендік бақылау комитеті және Салық комитеті қайта ұйымдастырылып, Мемлекеттік кірістер комитеті болып құрылды. Бір мезгілде, ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігін тарату жолымен, экономикалық және қаржы саласындағы қылмыстарды тергеу бойынша міндеттер ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне берілді. Үкіметтің 2014 жылғы 23-қыркүйектегі «ҚР Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы қаулысына сәйкес Қызылорда облысы бойынша Салық департаменті Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті болып қайта құрылды.

Бес жылдық белес бедері

Осы жылы департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ішінде Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы құрылды. Басқарманың негізгі қызметі облыс орталығының кіріс көзін қалыптастырып, әрбір бюджет деңгейлеріне сәйкес болжамдалған кіріс көздері бойынша салықтық және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуін қамтамасыз ету басты мақсаты, әрі міндеті болып табылады.

Басқарма бойынша бүгінгі таңда, дәлірек айтқанда, 2019 жылдың 1-ші шілдесінде заңды тұлғалар саны – 7 455 құраса, жеке кәсіпкерлердің саны жалпы – 20376 құрап отыр. Оның ішінде, кіші кәсіпкерлік субъектілері саны 27 017 құрап отыр. Жеке тұлғалардың жер, мүлік және көлік құралдары салықтары бойынша қала және қалаға қарасты 2 кент, 7 ауылдық округтері есебімен тіркеуде тұрған салық төлеушілер саны: мүлік салығы бойынша – 56 965, жер салығы бойынша – 61 324, көлік құралдары салығы бойынша – 47 322, барлығы 181 215 салық төлеушілерді құрап, салық салу объектісі – 223 753 құрап отыр.

Бюджеттік түсім түсу жөнінен статистикалық дерекке көз жүгіртсек, 2014 жылы Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік бюджетке түскен түсім 51 165,9 млн. теңге болса, 2015 жылы – 42 812,9 млн. теңге, 2016 жылы – 49 309,7 млн. теңге, 2017 жылы – 66 169,3 млн. теңге, ал, 2018 жылы 89 751,1 млн. теңге салықтар мен төлемдер түсуі қамтамасыз етілді. Мысалға, 2015 жылы шоғырландырылған бюджетке (ұлттық қорға түскен түсімдерді қоса алғанда) түскен түсім 188 931,3 млн. теңгені құраса, ал 2018 жылы түсім 252 939,6 млн. теңгені құрап, түсім 3 жылда 64 008,3 млн. теңгеге артты.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 2019 жылдың 1-жартыжылдығында шоғырландырылған бюджетке 169 554,4 млн. теңге түсім түсуін қамтамасыз етті. Бұл өткен жылдың осы кезеңінен 40 827,7 млн теңге артық. Оның ішінде, мемлекеттік бюджетке түскені 47 292,9 млн. теңге. Республикалық бюджетке түсірілген салық көлемі 36 011,7 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8 652,1 млн. теңгеге артық (өсу қарқыны 131,6%). Жергілікті бюджетке түсім – 11 281,1 млн. теңгені құрап, жоспар 107,0% орындалды. Жоспардан артық түскені 735,5 млн теңге.

Басқарма мамандарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі салық базасын кеңейту, резерв көздерін іздестіру болып табылады. Осы мақсатта салық есептілігін нөлдік көрсеткішпен немесе төмендетіп көрсетіп отырған салық төлеушілердің салық есептіліктеріне талдау жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Мәселен, үстіміздегі жылдың өзінде талдау барысында табыстарын төмен көрсетіп орырған 978 салық төлеушілерге түсіндірме, бақылау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, жыл басынан бері 557 салық төлеушілер 1 709,4 млн. теңгеге табыстарын көрсетіп қосымша салық есептілігін тапсырып, бюджетке қосымша 51,3 млн. теңге өндірілді.

Сондай-ақ, салық жинауды арттыру жобасы аясында "Үшінші тұлғалардың дерек қорын құру" пилоттық жобасы бойынша 2018 жылы «Қызылорда су жүйесі», «ҚазтрансгазАймақ» және «Энергосервис» мекемелерінің мәліметтеріне сәйкес, кәсіпкерлік мақсатта электр энергиясын, су, жылу, газ пайдаланғаны үшін ақша төлеген салық төлеушілердің тапсырған салық декларацияларында көрсетілген табыстарына талдау жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 284 салық төлеуші табыстарын 19 136,2 млн. теңге көлемінде көрсетіп, қосымша салық декларацияларын тапсырып, 63,4 млн. теңге қосымша салықтар есептеліп өндірілді.

ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жеңілдіктер енгізіліп келеді. Соған сәйкес, жоспардан тыс салықтық тексеру саны да жылдан жылға азая түсуде.

Елбасының өткен жылғы 5-қазанындағы жолдауына сәйкес бизнес субъектілерінің қаржылық-шаруашылық қызметін сауықтыру үшін өсімпұлды және айыппұлды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық жүргізу тапсырылған. Салықтық рақымшылық шағын және орта бизнес субъектілеріне 2018 жылдың 1 қазанындағы негізгі қарызын 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін төлеген жағдайда өсімпұл мен айыппұлды есептен шығаруды көздейді. Бүгінгі күнге, Қызылорда қаласы бойынша 1 055 салық төлеушінің 136,9 млн. теңге негізгі сомасы төленіп, 30,3 млн. теңге өсімпұлдармен айыппұлдар сомасы есептен шығарылды. Оның ішінде, 109,3 млн. теңге негізгі салығын төлеген 210 заңды тұлғаның 24,9 млн. теңге болса, 27,2 млн. теңге негізгі салығын төлеген 845 дара кәсіпкерлердің 6,1 млн. теңге өсімпұлдармен айыппұлдар сомасы есептен шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші халыққа қызмет етудің қай саласында еңбек етпесін сол орында еңбек пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, өз саласында заң бұзушылыққа, қылмыс пен сыбайлас жемқорлық сияқты қоғамға жат әрекеттерге қарсы табанды күрес жүргізуі тиіс. Бұл талаптың үдесінен шығу әсіресе мемлекеттік кірістер органдарында қызмет атқаратындар үшін аса маңызға ие. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабы аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Өз кезегінде, Басқарма тарапынан да бұл індетпен күресу басты бағыттардың қатарына қойылған. Басқарманың іс-шара жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстың алдын-алу бойынша, барлық қызметкерлердің қатысуымен ҚР Заңдылықтарының, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңдарының, Мемлекеттік қызметшілердің Этикасының талаптарын қатаң сақтау жөнінде техникалық оқулар, семинар кеңестер, дөңгелек үстелдер үнемі өткізіліп тұрады. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясымен бірлескен қоғамдық қабылдаулар мен «ашық есік» күндері өткізілуде. Салық заңдылығына соңғы енген өзгерістер, салық төлеушілерге көрсетілетін қызметтер және басқармада атқарылып жатқан басқа да жұмыстар республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы жария етілуде.

Еліміздің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына негізделген басым бағыттардың бірі – бірте-бірте электронды форматқа көшу арқылы мемлекеттік қызмет түрлерін жеңілдету, оны алушыға қолайлы жағдай жасау. Мемлекеттік кірістер органдарының алдына қойылған бірқатар міндеттер осы мақсатқа жұмылдырылған. Қазіргі таңда салық төлеушіге есебін тапсыру немесе ақпарат алу үшін барлық жағдай жасалған. Осы орайда, салық төлеушілерге арналған терминалдар орналастырылған. Терминал арқылы салық төлеушілер ақысыз түрде салық төлеушінің кабинеті арқылы дербес электронды түрде қызметтерді алуға мүмкіншіліктері қарастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі негізгі мақсаттың бірі – электронды бағытта қызмет көрсету. Мемлекеттік қызметтердің тізіліміндегі 45 мемлекеттік қызмет түрінің салық саласы бойынша көрсетілетін 25 мемлекеттік қызметтің басқарма тарапынан көрсетілетін 17 түрі электронды форматқа толықтай көшірілген. Соның ішінде, электронды түрде көрсетіліп отырған қызметтің басымы – салық есептілігін қабылдау. Мәселен, осы қызмет бойынша биылғы жылдың 6 айында барлығы 52 332 мемлекеттік қызмет көрсетілген болса, оның ішінде электронды түрде көрсетілгені – 50 576, немесе 96,7 % құрап отыр, қалған 3,3 % пошта бөлімшесі арқылы келген салық есептіліктері нысандарын құрайды. 2016-2017 жылдарда жүргізілген сауалнама нәтижесімен Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер органдары тұтынушылардың қызмет сапасына көңілі толатын өңірлердің алдыңғы қатарында болды. Бұл жетістікке біздің басқарма да өзінің үлесін қосқаны анық.

Міне осы жұмыстардың нәтижелі орындалуы үшін басқарма қызметкерлері уақытпен санаспай еңбек етіп келуде. Өз ісінің жетік мамандары саналатын, бүгінде зейнеткерлер қатарынан орын алған Қамар Әбілдаева, Светлана Кенжалиева, Райханкүл Қожбанова, Күлай Рахманбердиева, Ақжамал Туляпова секілді ардагерлеріміз қаланың қаржы тайқазанын толтыруға өз үлестерін қосқан. Сонымен бірге жастарды кәсіби біліктілікке баулуға еңбек етіп келді. Бүгінде олардың ізін Бақыт Нұрымбет, Кенже Оспанова секілді аға ұрпақ өкілдері жалғастырып келеді.

Бүгінде, Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы алдына қойылған міндеттер орасан зор. Мақсаты айқын, оны орындауға қажетті кәсіби біліктілік, қажырлылық пен жетістікке деген ұмтылыс, біздің қызметкерлерде бар. Олар, Сыр өңірінің бас шаһарының қазынасы – қалалық бюджетін толықтыруда талмай еңбек ете бермек.

Нұрлыбек АМАНГЕЛДИЕВ,
Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

ҒИБРАТ

Өмірі – өнеге, тағдыры – тағылым...

...Бұл 1944 жыл болатын. Сол жылы қыс қатты болған еді. Қарлы боран толастамай, жұрттың отын-суы таусылып, қорасындағы азын-аулақ малы да азықтың жоқтығынан өлім-жітімге ұшырады. Сөйтіп, көктемге әзер жеткен ағайын қым-қуыт тіршіліктің қамына кіріскен. Төрт түліктің қыстан аман қалғаны төлдей бастаған. Солардың аузы көкке ілініп кетсе деп алаңдайды жұрт. Егін салатындар да жұмыстарын ертелетіп қолға алған еді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Өйткені, өздерін былай қойғанда, майдандағы бауырластарға азық-түлік жөнелтіп тұру қажет. Иә, бір үйдің отағасы, енді бір отбасының балалары, бауырлары, әйтеуір, бас көтерер азаматтың бәрі соғысқа кеткен. Елдегі жұрттың әр күні үмітпен өтуде. Соңғы ақпараттарда біздің жауынгерлер жаудың бетін қайтарып, кейін шегіндірді деп жатыр. Әйтсе де, елдің көңілі алаң. Екі күннің бірінде еңсені басып, қайғы бұлтын төндірген қара қағаздар да толастар емес. Ондай кездерде көпшілік біріге түсіп, қаралы үйдің қайғысын бөлісіп, қамқорлығын аямайды.

Тереңөзек қыстағындағы Калинин атындағы орта мектепті бітіргелі жатқан Әлібек те отбасындағы тіршіліктерге қарайлассам деп, ауылына жеткенше асығып жүрген. Алайда, аяқ астынан әскери комиссариатқа шақырды. Барғаны сол еді, ондағылар алдындағы тізімді бір қарап шықты да қолына майданға шақырту қағазын ұстатты. Сол сәтте ол өзінің қолына қару алып, ел қорғайтын жасқа жеткенін түсінді...

Ата-анасы бұл хабарды естігенде абдырап қалды. Әсіресе, анасы Мәуе көз жасына ерік беріп, қатты күйзелді. Дегенмен, бұйрықтың аты бұйрық. Елжіреп отыруды уақыт көтермейді. Әкесі Қайым іштей қиналғанымен, сыртқа сыр білдірмей, көппен бірге көндікті. Арада бір күн өткенде Қызылорда қаласы, теміржол вокзалының басындағы ығы-жығы, улап-шулап жатқан қалың жұртпен бірге тұңғыш ұлын майданға шығарып салды...

Әлібек Қайымов әскери жауынгерлік міндетін Сталинград майданындағы 436-полктен бастады. Жау кейін шегініп, баяғы қарқыны басылған шақ. Кеңес Армиясы жауынгерлері біраз күш алған. Алғашқыдай емес, үрейден гөрі үміт басым. Өзі сияқты жас жауынгерлер де соғыс тәртібіне төселе бастаған еді. Жан-жақтан зуылдай ұшқан оқтардан қорғануды үйреніп, кез келген сәтте қарсы "жауап қатуға" дайын тұратын. Солай дегенмен, қым-қиғаш ұрыс кезінде қаңғыған оқтың құрбаны болған сарбаздар да аз емес. Қандыкөйлек жолдастарының көз алдында оққа ұшып, мерт болғаны сарбаздардың жауға қарсы өшпенділігін күшейте түсетін. Сондықтан олар жаумен бетпе-бет келген шайқастарда қаза болған қандастардың кегін қайтаруды ойға алып, қарсы бораған оқтан да тайсалмайтын. Бәрінен де ел ішінде тыныш та бейбіт өмір орнатуды мақсат еткен жауынгерлердің жігері мықты, Жеңіске деген сенімі нық болатын.

Әлібек елден алған соңғы бір хатында туған бауыры Сәдібектің де әскери комиссариаттың шақыртуымен, майдан шебіне аттанып кеткенін есітті. Екі бірдей баласының соғысқа алынуы ата-анасына да оңай емес. "Көппен көрген ұлы той", көнбеске амалы бар ма?..

1945 жылдың көктемі. Сталинград түбіндегі шайқас. Атақты «Катюшанын» дүниенің астан-кестеңін шығарып, үсті-үстіне атқылаған отты снарядтары жау шебін талай мәрте талқандады. Екпіндей ұмтылған фашистер жағы ойсырай жеңіліп, қарқындары басылды. Кеңес әскерлерінен де шығын аз болған жоқ. Ақыры көптен күткен Жеңіс күні де жетті! Жау қамалын күйретіп, Кеңес армиясының туы тігілді. Жауынгерлердің қуанышында шек жоқ.

Алайда, осы жылдың шілде айында әр ротадан жауынгерлер іріктеліп, 353-атқыштар полкі құрамындағы 210-атқыштар дивизиясы жаңа күшпен жасақталды. Осы құрамға Әлібек Қайымов та қосылды. Бұларды бір ай қайта даярлап, екі пулеметшілер ротасын құрды. Жаңа жасақталған атқыштар дивизиясы эшелондармен шығысқа қарай, Владивосток қаласына жөнелді. Бұлар енді Жапония империалистеріне қарсы соғысты. 1945 жылдың шілде айында бұлар тау асуынан өтіп, арып-ашып, Қытай жағына шықты. Әлібек Қайымовқа аға сержант-тықтан кейін, кіші лейтенант шені берілген. Қарамағында оншақты жауынгері бар. Бұлар арнаулы топ болып, қайта жасақталып, жедел түрде дайындықтан өтті. Екі-үш рет жауапты тапсырма бойынша жау тылына тұтқиылдан шабуыл жасап, сәтті орындап шықты. Ту сыртынан шабуылдаған Кеңес армиясы жапон әскерлерінің есін шығарды. Бас-аяғы бір ай шамасында Квантун армиясы кеңес жауынгерлерінің табанды соғысына төтеп бере алмай, амалсыздан тізе бүкті.

Ұлы Отан соғысы, Жапон соғысы жеңіспен аяқталған соң Кеңес Армиясы құрамында 1950 жылға дейін әскери қызметте болған Әлібек Қайымов, кейін ішкі істер қызметіне ауысып, аман-есен елге оралды. Сол кездегі Сталинград жоғары милиция мектебін және Қазалы ауыл шаруашылығы техникумының механика факультетін бітірген ол, ішкі істер саласында қызмет етті. Еңбек жолын Тереңөзек аудандық прокурорының хатшылығынан бастап, Қазалы және Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімдерінде жауапты қызметтер атқарды. Ішкі істер саласындағы қызметін аға лейтенант шенімен аяқтап, кезектен тыс зейнетке шықты. Соғыс және еңбек ардагері Әлібек Қайымов аз ғана ғұмырында ел-жұртына адал еңбек етті. Майдандағы ерлігі, ішкі істер қызметіндегі еңбегі лайықты бағаланып, жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», «II Дәрежелі Даңқ ордені», «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен «Сталинградты қорғағаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Кеңес Армиясы мен Флотына 30 жыл» және «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Небәрі 25 жасында өмір соқпағының осындай ауыр кезеңдерін басынан кешкен Әлібек Қайымов елге келіп, ата-анасының батасын алып, шаңырақ құрды. Жұбайы Бибайшамен тату-тәтті ғұмыр кешіп, өмірге алты бала келді. Өзінің жастық шағы ауыр күндерде өткен соң Әлібек балаларын барынша мейірім шуағына бөлеп, еркін өсіруге тырысты. Ағайын-туыспен де жақын араласып, қуаныш-қайғысын бөлісіп отыратын. Қызметтестері арасында құрметті болатын. Алдына қойған мақсаты да жетерлік. Алайда, өмір оған мүмкіндік бермеді. Жол апатынан қайтыс болғанда 44 жаста еді.

"Орнында бар оңалар" деген. Әкесі өмірден өтіп, отбасындағы алты бала анасының қолына қарап қалды. Балаларды өсіріп, жеткізу үшін енді анасы Бибайша жұмысқа шықты. Қоғамдық қызмет көрсету саласында көп жыл еңбек етті. Әкесі дүниеден өткенде он екі жастағы ұлы Бақыт анасына қолғабыс етіп, ерте есейді. Бүгінде Әлібек Қайымовтың алты перзенті өз алдына үй болып, үбірлі-шүбірлі ұрпақтары өсіп келеді.

ТАҒЗЫМ

Уақыт шіркін жүйрік қой... Жастық жалынымен аймақтың қоғамдық өміріне белсене араласып, дамуына атсалысқан білікті маман, шебер ұйымдастырушы Әлия Ибраеваның өмірден өткеніне тура он жыл болыпты. Әріптес, дос-жарандары оның жарқын бейнесін әлі күнге ұмытқан жоқ. Бұл жақсылардың соңында өшпес із қалатынын тағы бір дәлелдесе керек.

Жайдары мінез, жарқын жүз

Жазушы Сапар Байжановтың мынадай сөзі бар: «Адам болып өмірге келдің бе – адамға лайық ісің болсын. Ата-анаңның, ел-жұртыңның үкілі үмітін ақта. Туыстарыңа, достарыңа, таныстарыңа, өзіңе ісі түскен адамға қолғабыс жаса, еліңе адал қызмет ет – әйтеуір дүниеге бекер келіп, бекер кетпе, ішіп-жеу үшін ғана жасама. Артында жақсы із қалсын, кейінгі ұрпақ, жұрағатың айта жүрер іс қалсын». Иә, Әлия Әсембекқызы өзінің өлшеулі ғұмырында аққан жұлдыздай соңында өшпес із қалдырды.

Ол небәрі 32 жыл өмір сүрді. 1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін үздік бітірген соң, еңбек жолын Қызылорда қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінде маман болып бастады. 2000-2002 жылдары мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің облыстық басқармасында маман, бас маман ретінде қызметін жалғастырды. 2002-2007 жылдары бөлім басшысы, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары, 2007-2008 жылдары облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымдарына дейін жоғарылады. Одан кейін облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасында бөлімге жетекшілік етті.

Әлия Әсембекқызымен жақын араласқан, бірге жұмыс істеген жандардың қай-қайсысы да оның жүрегі мейірімге толы, көңілі кіршіксіз, жауапкершілігі жоғары, ісіне адал болғанын айтады. Қандай қызмет атқарса да білімділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, ең бастысы, қарапайымдылығымен дараланды. Осы қасиетімен ол айналасына сыйлы, әріптестерінің арасында абыройлы болды. Әсіресе, үнемі күліп жүретіндігімен адамды өзіне бірден баурап алатын.

– 2002 жылдың желтоқсан айында облыстық ішкі саясат басқармасы құрылды. Жаңа құрылым, кадр тарту керек. Мен 2003 жылдың наурыз айында осында бас есепші болып жұмысқа орналастым. 2004 жылдан бастап 2013 жылға дейін басқармада бөлім басшысы қызметін атқардым. Әлия Әсембекқызы басқарманың аяққа тұрып, алға жылжуына күні-түні тынбай үлес қосты. Біздің әріптестігіміз достыққа ұласты. Марқұм өте білімді, жанжақты болатын. Өзіне жүктелген міндетті орындау үшін білімін де, күшін де аямайтын. Ақ пейіл, дарқан көңіл достан, әріптестен айырылып қалғанымызды естігенде есеңгіреп қалдық. Ешкім сенгісі келмеді. Бірақ, Алланың ісіне көндігуден басқа амал бар ма?! Қолымыздан келетіні – рухына Құран бағыштау ғана, – дейді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Әлия Алтаева.

Әлия Әсембекқызының жарқын бейнесін әріптестері сағынышпен еске алады. Облыстық «Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы Қайраддин Баймаханов оның саланы қалыптастырудағы ролін ерекше атап өтті.

– Біз бірнеше жыл бірлесе қоғамдық жұмыс атқардық, біршама жобаны жүзеге асырдық. Әлия қарындасымыз ой-пікірін ашық айтатын, адамдармен тез тіл табыса білетін. Армандары асқақ болды. Ортамызда жүргенде еселі еңбегімен ел дамуына үлес қосар еді, – дейді ол.

Қазақстанның атын айдай әлемге танытқан сырбойылық ауыр атлет Илья Ильин марқұмның облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасында қызмет атқарған кездегі еңбегін еске алды.

– Әлия Әсембекқызы сала жұмысын алға жылжытуға барынша күш салды. Үнемі ойға алған істі орындағанша асығып жүретін және оған асқан жауапкершілікпен қарайтын. Ертеңгі күнге жоспары көп болатын, зор үміт артатын. Әттең, өмірі тым қысқа болды, – дейді зілтемірші.

Уақыт зымырап жатыр. Оның дүниеден озғанына да биыл, міне, он жыл өте шығыпты. Көзкөргендер Әлия Әсембекқызымен бірге қызметтес болған жылдарды ерекше әсермен айтып берді. Естеліктердің қай-қайсысынан да жақын адамға деген сағыныш лебі есіп тұрады...

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Хабарландыру

"РУ-6" ЖШС 13.08.2019 ж, сағат 11:00-де сауда-саттықтың Ағылшын тәсілімен аукцион өткізеді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының орналасқан жері: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бидайкөл шатқалы, №3 Құрылыс, "РУ-6" ЖШС кеңсесі (бұдан әрі мәтін бойынша – сауда-саттықты өткізу орны):

- Лот №1 қара металл қалдықтары – 60000 кг;
- Лот № 2 түрлі-түсті металл қалдықтары мыс – 668 кг;
- Лот № 3 түрлі-түсті металл қалдықтары алюминий – 125 кг;

Сауда-саттықтың әлеуетті қатысушысы сатылатын активпен 29.07.2019 ж. - 02.08.2019 ж аралығында сауда-саттық өткізу орны бойынша таныса алады:

- Лот №1 бастапқы бағасы 1 722 000 теңге, бағаның өзгеру қадамы 86 000 теңге;
- Лот №2 бастапқы бағасы 828 320 теңге; бағаның өзгеру қадамы 41 400 теңге;
- Лот №3 бастапқы бағасы 33 750 теңге; бағаның өзгеру қадамы 1 600 теңге.

Сауда-саттыққа ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз болып табылады:

- №1 лот бойынша кепілдік жарнаның мөлшері – 86 000 теңге;
- №2 лот бойынша кепілдік жарнаның мөлшері – 41 400 теңге;
- №3 лот бойынша кепілдік жарнаның мөлшері – 1 600 теңге.

Кепілдік жарнаны төлеу үшін банк деректемелері: БСН-060 440 002 000, БИК-HSBKKZKX, ЖСК KZ126010201000143141, КБЕ 17, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ҚФ».

Саудаға қатысуға өтінім сауда-саттық өткізу орнында 07.08.2019 ж. сағат 17:00-ге дейін берілуі тиісті.

Саудаға қатысу өтінім үлгісі www.ru6, kazatomprom.kz веб-сайтта орналастырылған. Байланыс тел: 8 (72432) 7-94-19.

Тасымалдау, дайындау, тиеу және басқа да ауыртпалықтар сатып алушының есебінен жүргізіледі.

Саудаға қатысушы ретінде тіркелу үшін қажетті талаптар:

1. Жеке тұлғалар үшін:

- төл құжаттың (паспорттың) немесе жеке куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- банктік шот көрсетілген анықтаманың түпнұсқасы;
- металл қалдықтарын дайындауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыруға рұқсат беру құжаты (лицензия).

- Заңды тұлғалар үшін:

- нотариалды куәландырылған Жарғының көшірмесі (енгізілген барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- нотариалды куәландырылған Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелімі туралы куәлігі немесе арнайы веб-сайтқа сілтеме;(www.e.gov.kz)
- нотариалды куәландырылған Заңды тұлғаның құрылтайшылары туралы мәліметтер бар анықтама немесе құрылтай құжаттарының көшірмелері;
- банктік шот көрсетілген анықтаманың түпнұсқасы;
- кепілдік жарнаның төленгендігі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- өкілеттілікті куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның нотариалды куәландырылған көшірмесі (лот бойынша қалдықтың түріне сәйкес);
- заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері консорциум туралы құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (KS19-54) «Құмкөл Оңтүстік-Шығыс бөлігі кенішіндегі №№1011, 2009 және 1016 ұңғымалардан тартылған аралық құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефондары (7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-53) «Арысқұм кенішіндегі №6 көлд, 173 және 188 ұңғымалардан тартылған аралық құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефондары (7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-52) «Қарабұлақ кенішіндегі № 7, 12, 14 және 25 ұңғымалардан тартылған аралық құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефондары (7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-04-02) «Арысқұм кенішіндегі № 262, 264, 265, 424 және 425 ұңғымаларды электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефондары (7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-51) «Құмкөл кенішінде құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу және өндірістік қалдықтарды уақытша сақтау учаскесі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

Есірткі – ғасыр тажалы

Есірткі – болашаққа құрылған тор. Бір шырмалған жанның онан құтылуы оңайға соқпайды. Біреу қызық көріп өзі барады, біреу алдауға түсіп байқаусыз барады, енді біреу өзгелердің ықпалымен барады. Қысқасы, баратын жол көп, шығатын жол бұлыңғыр.

Біздің алдымызда жауабы күрделі екі сұрақ тұр: бірі есірткіге бой алдырған жастарды қалай құтқарамыз? Екіншісі – ойы да, бойы да таза алаңсыз өмір кешіп жатқандарды қалай сақтандырамыз? Екеуіне де ортақ қазіргі көрініп тұрған жалғыз ем – салауатты өмір салтын ұстануды жаппай жүзеге асыруды қолға алып, барынша насихаттау.

Қоғамды нашақорлық дертінен құтқарудың тағы бір жолы – есірткі тасқынын алыстан ауыздықтау. Ғасыр дертіне айналған есірткі заттарын қолданудан жалпы ұлтты, соның ішінде балаларды аулақ ұстау – бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да еншісіндегі жауапты іс деп санауға болады.

Қоғам өміріндегі тәртіп пен реттілікке үлкен нұқсан келтіріп, халқымыздың денсаулығына, келер ұрпақтың болашағының жарқындығына әсер ететін есірткінің залалын ұрпақ санасына ұғындыруымыз қажет.

Қорыта айтқанда, болашағымыз жарқын, ұлтымыздың дені сау болсын десек, балаларды ғасыр дерті – есірткіден ел болып қорғайық!

З.МАХАМБЕТОВА,
облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы.

Жарамсыз деп танылсын

Исаханов Ермаганбеттің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет шағын ауданы, Ағайынды Смағұловтар көшесі, №21 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін (кадастрлық №10-156-001-5297, №0307100) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2019 жылдың 1-ші жарты жылдығына электр энергиясын өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі ақпарат

Қызмет атауы	Сату көлемі мың кВт/сағ.				Сату көлемі мың кВт/сағ. (Қосымша құн салығынсыз)				Жіберілетін баға (теңгемен, қосымша құн салығынсыз)				Кіріс деңгейі		
	Барлығы	Тұтынушылар тобы			Барлығы	Тұтынушылар тобы			Барлығы	Тұтынушылар тобы			Шығындар (мың теңге)	Реттелетін қызметтен түскен кіріс (мың теңге)	Кіріс деңгейі %
		Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға				
		Жалпы көлем	Тұтынушылар	Тәулік аумағы		Жалпы көлем	Тұтыну көлемі бойынша	Тәулік аумағы		Жалпы	Тұтыну көлемі бойынша	Тәулік аумағы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электроэнергия	113 271	60 574	52 697	0	1 808 029	997 884	810 145	0	15,95	16,45	15,37	0,00	1 910 132	1 808 029	
						(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 16.07.2009 жылы берілген №000507 мем.лицензиясы)									

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2019 жылдың 1-ші жарты жылдығына нақты және іс жүзіндегі шығындары жөніндегі мәлімет БСН 971140002240

Шығындар	Бекітілген шығындарды бағалау, мың теңге	іс жүзіндегі шығындар, мың теңге	Айырмашылық
Электр энергиясын сатып алу шығыны	643 280	867 420	224 140
Электр энергиясын тасымалдау шығыны	751 069	893 446	142 377
Электр қуатының балансын ұйымдастыру және электр энергиясының қуатын қадағалау	188 546	177 161	-11 385
Барлығы	**1 582 895**	**1 938 027**	**355 132**

ТӘРБИЕ ТІНІ

Жазғы демалысқа шыққалы мектеп жасындағы қыздарымның қолынан ұялы телефон түсер емес. Оларды қалайда телефон «тәуелділігінен» арылтып, кітапқа қызығушылығын арттыруым керек болды. Сенбі күні тете екі қызымды Ә.Тәжібаев атындағы кітапханаға жібердім. Әлден уақыттан соң, қайтып келді. Оқырман билетін аштырып, оқу залында бірер сағат кітап оқығандарын айтты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Балаңызға кітап оқытыңыз

Абонемент бөлімінде сол кітапты үйге жаздыртып алуға болады. Неге үйге алып келмедіңдер? – деп сұрақтың астына алдым.

– Оның қай жерде екенін білмедік, – дейді үлкенім.

– Кітапхананың ішінде апайлар бар емес пе? Сұрауға ұялдыңдар ма?

... Жауап жоқ. Басын изей салды.

Ішімнен бар кінә өзімнен екенін біліп тұрсам да үндемедім. Ата-ана ретінде кітапханаға өзім ертіп апаруым керек еді. Бірақ есейіп қалған баланы қолынан жетектеп жүруге ыңғайсызданып, оларға өз бетінше әрекет етуді үйреткім келді. Расымен, біздер баланы дүкенге не басқа жерге ертіп барғанда «оны ұстама, мынаны сұрама, шулама, даусыңды қатты шығарма» дегендей тыйым сөздермен бетін қақпайлай береміз. Оның үстіне қазақы тәрбиеміз, менталитетіміз тағы бар. Мұнан бала жасқаншақ, ұяң болып өседі.

Біраз күн өткен соң кітапханаға арнайы бардым. Демалыс кезінде адам болмайтын шығар деген ойым қате болып шықты. Тіркеу бөлімінде апайларының соңына ерген бірнеше мектеп оқушыларын байқадым. Шамасы 2-3 сыныптың оқушыларына ұқсайды. Әр бөлімдерге барып, танысып жүрді. Мен де олармен қабаттаса абонемент бөліміне кірдім. Ол жерде де көп оқушылардың отырғанын көрдім. Қарап тұрмай кітапханашы апайды сөзге тарттым. Өзін Қарлығаш Құлмырзаева деп таныстырды.

– Сіздердің бөлімдеріңізде балалар көп екен. Күнде осылай ма?– дедім.

– Иә, күніне 70-80 оқушы келеді. Кей күндері 100-ге жуықтайды. Қазір бірқатар мамандарымыз еңбек демалысында. Сонда да келген оқырмандарымызды кезек күттірмей қабылдап жатырмыз. Мұндайда бөлім басшыларына дейін көмектеседі. Қазір кітапхананың қоры бай. Жыл сайын толығып отырады. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатында үш тілде ертегі кітаптар, әдемі суреттермен толтырылған 3D форматындағы оқулықтар өте көп. Тіпті, бүлдіршіндер бөлімінде біздің кітапхана қызметкерлері қуыршақтар бейнесінде ертегілерден көрініс қойып береді. Бұрынғы «Бауырсақ» ертегісінде түлкі бауырсақты жеп қоятын болса, біз балалардың нәзік жүрегін жаралап алмау үшін оның желісін кішкене өзгертіп, қойылым соңында бауырсақ пен түлкіні татуластырып жібереміз. Кішкентай балапандар соны көріп, қуанып қалады. Бұл да балғындарды ерте жастан кітап оқуға қызығушылығын арттыратын, оларды есейе келе кітапхана оқырмандары етудің бірден-бір тәсілі.

– Жаңа менің алдымда анасымен тұрған баладан «Мауглидің досы кім?» деп сұрадыңыз. Бір балаға кітапты оқуға неше күнге бересіздер? Оның оқыған-оқымағанын осылай сұрақ қойып байқайсыздар ма? – дедім таңданып.

– Жоқ негізі біздің сұрауға құқымыз жоқ. Алайда кей ата-аналар бізге өтініш жасайды. Кітапты өткізуге келгенде баламнан түсінік сұраңызшы, оларды минутқа оқытыңызшы дейді. Әр баланың қабілеті әртүрлі болып келеді. Мұндай жұмыстарды жалпы мектептегі ұстаздары қадағалап отыруы тиіс, меніңше. Себебі, апайдың сөзі оқушы үшін заң. Ата-ананың тапсырмасынан бұрын ұстаздың айтқанын олар бірінші орындайды. Орыс сыныбында оқитын оқушылар жазғы демалыс кезінде өздеріне оқуға тиісті арнайы әдебиеттердің тізімімен келеді. Олар: «бізге мына автордың осындай кітабы керек» деп сартылдап тұрады. Ал, біздің балалар сөреде тұрған кітапты ашып көруге не жайлы жазылғанын сұрауға да жасқанып тұрады. Олардың жасына сай кітаптарды іріктеп, таңдауына көмек береміз. Мына жерде арнайы буклеттер шығарып қойғанбыз. Мысалы, 9-13 жас аралығындағы балаларға арналған әдебиеттер тізімінде «Үш мақтаншақ», «Аспель еліндегі таңғажайып оқиғалар», «Қош бол, ата!», «Ең күшті адам» секілді балаларға арналған туындылар бар, – деді.

Тізімде көрсетілген кітаптар ішінен үшеуін жаздыртып алып, жұмысыма қарай беттедім. Кітапхана қызметкері болу да оңай емес екенін, әр оқырманның көңілінен шығу үшін көп еңбектің қажет екенін түсіндім. Бәрінен бұрын кітапхана оқырмандарының азаймағанын, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің, студенттердің көп келетінін көзбен көріп, қуанып қайттым. Айтпақшы, жасөспірімдердің кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін психолог мамандар ата-анасы да сол кітапты балаларымен бірге қосылып оқуды, қажет жерде рөлдерді сомдап, кейіпкер кейпіне ену керектігіне кеңес береді. Қолданып көріңіз, мүмкін балаңызды смартфонның «торынан» ажыратып, кітаппен дос етерсіз.

Хабарландыру!

Семей қаласындағы 116 жылдық тарихы бар М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі «Серпін!» бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылына 11 сынып негізінде келесі мамандықтарға оқуға қабылдайды:

«Бастауыш білім беру» - 25 грант,

«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» - 25 грант.

Мынадай жеңілдіктер қарастырылған:

- стипендия;
- тегін жатақхана;
- жұмыспен қамту мүмкіндігі;
- жылына екі рет жол шығындары төленеді.

Мекенжайымыз: Семей қаласы, Ш.Уәлиханов, 150. http://pkollsemey1@mail.ru

Тел: 8 (7222) 54-10-82. 8 (707) 742 41 70, 8 (702) 519 73 72

(Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасынан 02.02.2009 ж. берілген № 0067082 мемлекеттік лицензиясы).

Тарыдай жақсылықтың таудай сауабы

Жақында «Инстаграм» желісінде ой саларлық оқиға болды. Ұлттық ұлан қызметкері Нұрсұлтан Әміров әп-сәтте баспанаға қол жеткізді. Былай қарасаңыз, таңғаларлық дүние емес. Еңбектеніп, тапқанын пайдаға жаратып, үйлі-жайлы болғандар қаншама?! Алайда, түлкібастық Нұрсұлтанның жайы бөлек. Оған сәттілік серік болды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Әлеуметтік желілерде баспана мәселесі жөнінде кеңес беріп жүрген журналист әрі экономист Дәулет Мұқаев 3-4 ай бұрын оқырмандары арасында ұтыс ойнатып, бас жүлдеге ел ордасынан бір бөлмелі пәтер тіккен болатын. Ұтыстың қорытындысы бойынша оған құны 15 млн 500 мың теңге тұратын баспана бұйырды. Ал, ең қызығы, осыдан екі жыл бұрын Нұрсұлтан «ЭКСПО» халықаралық көрмесі кезінде көшеден 5 млн теңге тауып, оны иесіне табыстаған екен. Адал ниет үш еселеніп қайтты. «Тарыдай жақсылықтың таудай сауабы бар» деген осы.

Нұрсұлтанның жары Алинамен әлеуметтік желі арқылы тілдестік. Олардың отау құрғанына биыл үш жыл толыпты. Жуырда тұңғыш ұлдары Айбарыс дүниеге келген.

– 2016 жылы отбасын құрдық. Сол жылы күйеуімді Петропавлда оқуын бітірген соң бас қалаға, Ұлттық ұланға жұмысқа жіберді. Қазір аға лейтенант. Келесі жылы мен де университетімді тәмамдадым. Өзім отбасы дәрігерімін. Көшіп келгелі Нұр-Сұлтанда пәтер жалдап тұратынбыз, – дейді Алина.

Алина күтпеген жерден орын алған сәттілікті кезіндегі жақсылықпен байланыстыратынын да айтады.

– Мұның алдында екі ұтысқа қатысқанмын. Бірақ, сәті болмады. Желідегі жазбаларын бұрыннан бақылап жүретін бір адам бар, сол тағы байқау жариялады. Бақ сынаймын деп шештім, ол кезде жүкті болатынмын. Перзентханадан шығып, баланың қамымен жүргенде жаңа пәтерге ие болдың деген хабар келді. Қалай қуанғанымды айтып жеткізе алмаймын. Бұл баспананың бізге құтты қоныс боларына сенемін, – дейді ол.

Басы ашық дүние бар: ниеті түзу, жақсылыққа жаны құмар пенденің қашанда қолдаушысы күшті. Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз «Қайсыбір мұсылман бауырына көмектессе, Алла оған жәрдемші» деген екен. Жақсылық жасап жүрейік!

Гав соғысы мен Сиссаның сұрағаны

немесе шахматтың шығу тарихы, ал, тоғызқұмалақ ше?

Шахмат ойынын білмейтін адам аз. Өзім де бір кісідей білемін, мұным артық шығар, бұл ойыннан қаражаяу емеспін дегенім дұрыстау болар. Ойнаған сайын ойнағың келеді, қызық ойын.

Ал, осы ойынның шығуы туралы аңыздар тіпті қызық.

Соның ішіндегі ең қызықтысы шығыстың ұлы ақыны Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнама» шығармасында келтірілген. Ол «Гав және Талханд туралы аңыз» деп аталады.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

...Индия елінде бір патшаның Гав және Талханд атты егіз ұлы болады. Екеуі ержеткен соң қайсысының таққа отыруы жөнінде өзара талас туады. Ханзадалар арасындағы келіспеушілікті көрген халық та қақ жарылады. Анасы екі ұлын да жақсы көргендіктен бір жағына шығып төрелік айта алмайды. Ақыры екі ханзада әскер жинап, соғысады. Талханд қолы жеңіліске ұшырайды. Алайда, ол жеңілгенін мойындамай, бауырын екінші мәрте соғысуға шақырады. Ағайынды ханзадалар бұл жолы әскерлерін теңіз жағасына жинайды да, майдан болатын алаңды жан-жағынан қоршап, үлкен ор қаздырып ішін суға толтырады. Сонда ол жердің жан-жағы түгел сумен қоршалып, ортада соғыс алаңы және екі жақтың әскері ғана қалады, демек, ешкім ешқайда қашпайды деген сөз.

Соғыс аяқталуға жақын қалғанда Талханд өзінің жеңілетініне көзі жетіп, қатты күйініш пен қапалықтан өліп кетеді. Анасы ұлының өлгенін естіп, екінші баласына «бауырыңды өлімге қалай қидың?» деп айып тағады. Гав соғыс кезінде Талхандқа ешкімнің де оқ атпағанын, оның бойына ешбір қару жарақат салмай-ақ өлгенін айтады. Анасы мұндай құр сөзге сенбей, соғыстың қалай өткендігін нақпа-нақ баяндап беруін талап етеді. Сонда Гав ел ішіндегі ақылгөйлерді патша сарайына жинап, көмек сұрайды. Оларға ханзада өлімі туралы толық баяндап береді. Ақылгөйлер үш күн, үш түн ойланып, төртінші күні болған соғысты бейнелейтін бір ойын ойлап шығарады.

Ол осы күнгі шахмат ойыны екен. Шынында шахматтағы «патшаға» да қарсылас ойыншы қолын тигізбейді, амалсыз «өзі өледі».

Екінші аңыз мұнан да қызық. Тіпті, бұл аңыз емес шығар. Шахматтың шын мәніндегі пайда болу тарихы осы болуы да мүмкін. Сонымен...

Ежелгі үнді елінде Сисса бен Дахир деген дана математик өмір сүріпті. Ол неше түрлі нәрселерді ойлап тауып, жұртты таңғалдырып отырған.

Бірде өзінің кезекті бір туындысын ел патшасына көрсетіп, мұның «шахмат», яғни, «патша өлді» деген ойын екенін түсіндіреді. Патша Сиссаның жаңа туындысына қайран қалып, өнертапқыштың өзінен осы дүниесі үшін не қалайтынын сұрапты. Дана өнертапқыш бұл туындының бағасыз екенін айтады. Патша оған: «Сонда мына тақтайыңды сатып алуға менің қазынам жетпейді деп отырсың ба?» – дейді. «Ендеше, шахмат тақтасының әрбір ұяшығына бір түйір бидай дәнін салып, оны әр ұяшық сайын екі есеге көбейтіп, астық беріңіз» – дейді Сисса. Патша бұған да кекесінмен күледі. «Сені шынымен дана ма десем, ақымақ екенсің, менің шексіз бай қазынамнан бір уыс дән сұрағаның қалай?» – деп, қызметшілеріне Сиссаның сұрағанын беруді тапсырады.

Ертеңіне қызметшілері патша алдына келіп, өнертапқыштың сұраған дәнінің өте көп екенін, оны есептеуге өздерінің өресі жетпейтінін мойындайды. Патша бұл іске есептеушілерді, сонан соң ғалымдарды қосады. Бірақ, бәрі де дәрменсіздік танытып, патшаға қайта келеді. Патша шынымен сасады.

Ешкімге, ештеңеге бет қаратпайтын патша неге касты? Осыны айтып өтейік.

Шахматтың 64 көз ұяшығы бар. Егер бірінші ұяшыққа 1 дән, екінші ұяшығына екеу, үшінші ұяшығына төртеу, сосын 4-ке 4-ті көбейтіп 16, одан 32, 64, 128, 256 және осылай әрбір келесі ұяшығына бидай санын екі есе көбейтіп салып отырса, оның шығындысы арнайы зертханаларда есептелмесе, жай адам баласының ойына кіріп шықпайтын санға ұласады. Математиканы жақсы түсіне бермейтін патша Сисса сұраған астықты төлеудің мүмкін еместігін білмеген еді. Ал, әлгіндей жолмен жинаған астық бүкіл адамзат тарихында жиналған бидай егіндерінен де көбейіп кететін.

Енді тағы бір мәрте математикалық жолмен есепке жүгініп көрейік. Шахмат тақтасының бетінде 2-нің 64 дәрежесі 1 немесе 18 446 744 073 709 551 616 дәнек, олардың жалпы салмағы 461 168 602 000 тоннаны құрайды. Осындай бидай саны орналастыру үшін өлшемі 10х10х15 километр астық сарайы қажет. Бұл өлшемді кейбір есептегіштер «мұндай астықты қаптағанда оның ұзындығы жер мен айдың арасына жетіп тұрады» деп бейнелейді, бәлкім рас та шығар.

Сидам сирақ Сиссасы-ау, мұншама ми басыңның қай бұрышына сыйып тұрды екен?

***

Кейде осылайша сөз төркініне, белгілі заттардың белгісіз қырларын білуге деген құштарлығым оянады. Сосын тереңге сүңгіп, қолға ілінгенді сүйрелеп жүретін бір әдет.

Ал, төрт мың жылдық тарихы бар, тылсым сырларға ие ұлт ойыны тоғызқұмалақтың шығуы жөніндегі аңыздарды әзірге кездестіре алмадым. Міне, бұл – Қадыр ақын айтпақшы, «біздің тарих қалың тарих бірақ та, оқулығы жұпжұқа» хәліміздің көрінісі.

Енді, рухани жаңғыру арқылы ұлттық кодымызға, ұлы санаға қарай қадам бастық. Бұл халқымыздың алтын дәуірін маңдайға алып түскен даңғыл жолы екеніне ешкім де шәк келтіре алмайды.

Мүмкін, тоғызқұмалақтың да таңғажайып қиссасын естіп қалатын кезіміз келер.

АЛ СІЗДІҢ ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕҢІЗ ҚАЛЫПТЫ МА?

Соңғы онжылдықта адамның өмірін қиятын дерттердің көбі жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары болып табылады. Орта есеппен алғанда, осы аурулардан әрбір үшінші әйел және әрбір екінші ер адам көз жұмады, көпшілігі мүгедекке айналады. Алайда, аурудың өзі мұндай ауыр жағдайға әкеліп соқтырмайды. Әдетте, науқас адамдар аурудың пайда болу себебімен емес, оның салдарымен күресуі, симптоматикалық препараттарды қабылдауы – басты мәселе болып саналады.

Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары егде жаста, ағзаның қорғаныш қасиеттері әлсіреген кезде пайда болады. Әдетте, оның себептері: атеросклеротикалық түзілімдердің пайда болуы, қандағы билирубин мен холестериннің артуы, қан тамырлары мен артериялардың әлсіздігі. Осындай жағдай орын алғанда, өршімелі сырқаттарды қалай жеңуге болады және өз ағзамызды қалай қорғай аламыз?

Біздің орталықта жүрек-қантамыр жүйесін емдеу үшін, соңғы әзірлемелердің бірі – парафармацевтикалық «Кардитол» препаратын қолданады. Оның тиімділігі көптеген отандық және халықаралық құжаттармен расталады.

«Кардитолдың» басқа толып жатқан медициналық препараттардан басты айырмашылығы: ол аурудың белгілерін жойып қана қоймай, сонымен қатар жүрек-қантамыр жүйесін қалпына келтіреді. Препарат бірінші кезекте атеросклеротикалық түзілімдерді бойдан шығарады, қандағы холестерин деңгейін төмендетеді, инфаркт пен инсульттің пайда болуынан қорғай отырып, қан тамырларының серпімділігін жақсартады және нығайтады. Оның толық курсын қолданғаннан кейін, қысым қалыпқа түседі, жүректің жұмысы тұрақтанады, ауырсыну мен тырысу, түйілу сезімдері жоғалады.

«Кардитол» жүректің ишемиялық ауруы, гипертония, стенокардия, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, атеросклероз, аритмия, варикоз, жүрек қызметінің функционалдық бұзылулары себептерімен тиімді күреседі.

Сондай-ақ, біздің орталықта буындарды, қант диабетін және басқа да ауруларды емдеуге арналған әртүрлі инновациялық еуропалық және батыс препараттары қолданылады, олар оң нәтиже береді. Оларды біздің орталықта: Алматы қ., Абай даңғылы 151, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыздар, сонымен қатар, ТМД-ның кез-келген елдімекеніне курьерлік жеткізуге тапсырыс беруге болады.

Негізгі әсер етуші заттар: *химиялық құрауыштар жоқ.*
Мөлшері және қолдану тәсілі: *қабылдау ұзақтығы 1 айдан басталады.*
Қарсы көрсетілімдері: *жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.*

СГР № RU.77.99.88.003.E.001410.04.19 12.04.2019 ж.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «КАРДИТОЛ» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ – 30% ЖЕҢІЛДІК АЛАСЫЗ!

«Кардитол» препаратын қолдану жөнінде мына телефон арқылы 8 727 321 11 66 кеңес алуға және тапсырыс беруге болады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып,
“Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29327 | Тапсырыс №1154 | Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**